

11 КОЛЛЕКЦИЯ

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.



ПИОНЕР

№ 3

МАРТ

1958 жыл

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл

16 МАРТ

Кәрім мектептен қайтып үйге кіре бере:

— Мама! — деп айқай салды.

— О не?

— Мама! 16 март қай күн еді?

— Жексенбі.

— Онда не болады?

— Сайлау.

— Қандай сайлау?

— СССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы.

— Мұғалім Әбеннен дәл осылай сұрап еді, ол жауап бере алмады. Егерде менен сұраса, мен де білмеуші едім, жаман қысылып отырдым, — деді Кәрім.

Өзі мұғалім бола тұра, сайлау жайында баласына түсінік бермегеніне Мағрифа іштей қатты өкінді.

Енді бір сәтте ана мен бала түскі шайларын ұрттай отырып, үлкен бір кеңеске кетті. Сондағы ананың балаға айтқандары мыналар еді:

— Сайлау! Бұл жолы біз өкіметтің ең Жоғарғы органын сайлаймыз. Ол әрбір төрт жылда бір келіп отырады. СССР Жоғарғы Советінің сайлауы соңғы рет 1954 жылы өткен. Енді, міне, 16 мартта тағы сайлағалы отырмыз.

Ол, әрқашан елімізде бүкілхалықтық мейрам болып салтанатпен өтеді. Өйткені, біздегі сайлау — нағыз халықтық, нағыз демократиялық сайлау. Оған жасы 18-ге толған еліміздің барлық азаматтары қатнаса-

ды. Бізде олардың нәсілі мен ұлтына, жынысына, білім дәрежесі мен отырықшылығына, әлеуметтік тегіне, әл-ауқат күйіне қарамайды. Бәрінің де сайлауға правосы бар. Жалғыз-ақ, ақылы ауысқан немесе сот үкімі бойынша сайлау правосынан айрылған адамдар ғана сайлауға қатыса алмайды.

СССР Жоғарғы Советіне еліміздің ея таңдаулы ұлдары мен қыздары сайланады. Өз өмірін, бар қабілеті мен іскерлігін халық

бақыты мен игілігіне жұмсаған тамаша адамдар бар емес пе? Ұлы Лениннің сара жолынан таймай, оның ұлы ісін алға алып бара жатқан мемлекет қайраткерлері, халықтың сәулетті тұрмысы үшін нелер ғылыми жаңалықтар ашып, жаңа кен көздерін тапқан ғалымдар, инженерлер, болмаса шахталарда, заводтарда, транспортта алып еңбек еткен жұмысшылар, Отанға мол егін егіп, миллиард пұт астық берген тың ерлері, сондай-ақ, ел құрметіне бөленген жазушылар, артистер, мұғалімдер, тағы, тағы басқалары.

Міне, біз таяуда осындай даңқты адамдарды, халықтың қалаулы адамдарын сайлаймыз.

Бізде осындай адамдар болмаса, мұншалықты қуатты, ұлы ел болар ма едік! Аспанға екі бірдей Жер Серігін ұшырып, бар әлемді таң қалдырудың өзі сол ұлылықтың белгісі.

АНАМА

Қалғанда мен әкемнен алтыдамын,
Жетім боп күнім үшін шарқ ұрмадым.
Анашым, шат күлкімді бұзбай бақтың,
Қолыңда балапандай саңқылдадым.

Мен үшін ақ саусағың күс те болды,
Алмадың қабақ шытып еске оны.
Сипаса айдарымды алақаның,
Жас жаным жалын атқан күшке толды.

Өзіңді апа дедім, әке дедім,
Ержеттім, еркеледім, мәпеледің.
Ақтасам ақ сүтіңді алғы күнде
Өмірден армансыз боп өтер едім...

Алматы неткен әсем таң атарда,
Көз тігем көк тірлеген Алатауға
Бұлыты төбесінде аққудай боп,
Ұқсайды жайлаудағы ақ отауға.

Көрген жан биіктігін мадақтаған,
Мен осы Алатауға қарап қалам.
Анашым, сенің шынар сезіміңді,
Тұрамын әрқашан да балап соған...

Н. ИСАХМЕТОВ.

Еліңдегі байлықты айтып жеткізу қиын. Ұшан-теңіз. Басқаны қойып, Қазақстанның 1956 жылы Отанға берген 1 миллиард пұт астығын және Соколов-Сарыбайдың кен қоймасына байлығын ғана айтшы. Қазір Қазақстаннан Менделеев системасы элементтерінің бәрі табылып отыр.

Қысқасы, қарғам! Сенің анау сәулетті мектебің, мынау үстіндегі жаңа форман, мынау қара портфелің, алдындағы кітап-қағазың, жел отырған ақ нан, сары майың, қазы-қартан — соның бәрі жаңағы айтқан еңбек ерлерінің жемісі. Міне, осыны ұмытпа! Біз сайлау күні сол тамаша адамдарды сайлаймыз.

Сондықтан да, біздегі сайлау нағыз халықтық және ең демократиялық сайлау болып табылады.

Буржуазиялық елдерде ше? Олардың демократия деп жүргенінің бәрі сандырақ, жалған, өтірік. Капитал үстемдік етіп, адамды адам қанаушылық өріс алған елдерде қандай демократия болмақ? Еңбекшілердің бар көргені аштық, жаланапшылық, қайыршылық, азап тұрмыс болса, ондай елден демократияны іздеп табарсың ба? Жок. Нью-Йорк пен Лондонның, Париж бен Римнің, Токно мен Мадридтің сәнді, әсем көшелерінен мен сияқты аналар жұмыс іздеп босып жүрсе, сендей балғын балалар әркімге бір телміріп, қайыр тілеп жүрсе, қандай әділеттік болады? Әрине, жок!

Сондықтан, олардың сайлауы—халықтық емес, демократиядан жұрдай, ақшаға, байлыққа негізделген, әділетсіз сайлау. Капиталистік елдерде әйелдердің көпшілігі дауыс беруге правосыз. Мәселен, Колумбияның сайлау заңында: «Әйелдердің және маскүнемдердің сайлауға правосы жоқ...»—деп жазылған екен. Міне, осы да әділеттік пе!

Кейбір буржуазиялық мемлекеттерде 35 жасқа толғанша сайлауға қатыспау ережесі бар. Мұндай жағдайда, әрине ең алдымен,

еңбекші жастар сайлауға қатынаса алмайды.

Міне, сондықтан да дүние жүзінің еңбекшілері сенің еліңе, сенің халқыңа, мына сенің бақытты өмірің мен тұрмысыңа көз тігеді, қызығады. Біздің елдің өмірі — олардың бар арманы мен қиялы. Қазір, Халықтық Қытай, Чехословакия, Болгария, Венгрия, Румыния, Албания, Польша, тағы басқа демократиялық елдер социализм жолына бет бұрып, біздің елдің дәстүрін ұстауда. Ол елдердің еңбекшілері де біздің өмірді аңсауда.

Анасы осыны айтқанда, Кәрімнің ойына Пекин пионерлер үйі пионерлерінің «Қостер» журналына басылған бір телеграммасы түсті. «Сіздің елдің жайын біз кинодан көріп, өз еліміз де сондай болса екен дейміз»...— деген еді олар сонда.

Кәрім шынайығын төнкере беріп:

— Мама! Мен кашан дауыс берем? — деп сұрады.

— Сен бе? Сен қазір 14-тесің. Жоғарғы Советтің сайлауы бұдан кейін 1962 жылы болады. Сонда сен де 18-ге толасың. Кәміл жастағы азамат боласың. Сол сайлауда дауыс бересің,— деді анасы.

Анасынан «Азамат боласың» деген сөзді естігенде Кәрім тағы ойланып қалды. Мана пионер вожатыңы оған: «Сайлау күні біздің оқушылар сайлаушыларға арнап концерт береді. Сен тақпақ айтасың. Нені айтасың, ойланып кел»— деп еді.


Енді бір сәтте Кәрім үйдегі үлкен айнаның алдында қолдарын сермелеп бір өленді жатқа айтып тұрды. Ол Владимир Маяковскийдің:

Көріңдер,

Күндесендер, күйіңдер,

Мен —

Совет Одағының азаматы! — деген өлені еді.



ӘУПІЛДЕК



ӘНГІМЕ

Түс ауа ауылдың шетінде тұратын Сәлім ағай үйінен шықты да, көлге беттеді. Жанына Анар өріпті. Ол ер балаларша етек-жеңін түрініп, басына дөңгелек ақ қалпақ киген. Әкесінің бетіне әлсін-әлі жалтақ-жалтақ қарап, маңғаздана жүріп келеді.

«Бәлем, көр де тұр, сен аулаған балықты мен де ұстармын» — деп, Ерназардың үйіне көз қиығымен барлайды.

Олар жиекке келді. Әкесі құрғаққа орта беліне дейін шығарылған шағын қайықты ысырып суға түсірді. Табанына тастаған ескекті оңтайлап Анарға қарады да:

— Ал, қызым, бәрі дайын болды. Тек байқа, көл ортасына барып жүрме, жел тұрып кете ме, кім біледі, — деді еркелете арқасынан қағып.

— Қармағым мықты ма?

— Қорықпа, үзілмейді.

Анар қайықтың тұмсығына орналасып, гүл-гүл жайнайды. Кішкентай бұрымына қосқан қызыл лентасы суда өскен қызыл гүлдің желегіндей алыстан айқындала көрінеді.

Қайық көл жиегінен қашық әрі қалқиды. Баяу жел оны бесікше тербейді. Жолда кездескен қамыс, қоға суға сүңгіп кетіп, қайық өткен соң қайта шығады. Жүзе бер, жүзе бер деп басын изейді.

Осыдан аз-ақ күн бұрын дария бетінен борық ағып, көпіршіктеніп тасыды. Өзектен су ақты. Көл жағасында Ерназар бастаған ауыл балалары балық аулап мәз-мәйрәм болысты. Олардың көңілді ісіне қызығып кеткен Анар мені де қатарларыңа алыңдар деген.

Бірақ Ерназар оны кекетіп:

— Балық аулайын дейсің бе, қолыңнан ондай іс қайдан келіпті. Одан да үйіңе барып кесте тік, қуыршақ ойна! — деп күлген.

Кәкім:

— Ауласа, ауласын, несі бар, — деп Анарды жақтап еді, Ерназар оған да шүйіліп:

— Екеуің бөлек аула, — деді. Оған ренжіген Анар әкесіне қармақ, қалтқы әпер деп сұраған да, бүгін бәрі дайын болып іске кіріскен.

Құм алыстан мұнартып көрінеді. Самал жел баяу соғып, көл бетін піскен сүттің тасыған көбігіндей толқытады. Қамыс, қоға тіл алмаған баладай басын шайқайды. Жел бірте-бірте үдеп, кешкі салқын денеге қатқыл тиеді.

Анар төрт лақа ұстады. Олар мұрты шұбалып қайық табанындағы жылы шалшықты әр уақытта бір жұтып қойып, аунап түсіп жатыр. Ерназар анадағы сөзі үшін бір өкінер әлі.

Күн кештетіп келеді. Ауыл маңы шуға толы, азан-қазан малдың даусы. Көл беті күн нұрымен арайланып барып, аздан соң батыс қараңғылықпен көмкерілді. Майда шиінге, шайшөпке ұшып, қонып думан құрған көбелектер саябырлап, көк жапырақтағы ұясына жасырынды. Жар кемерінде балаусада жайылған қозы, лақтар да ауылға қайтты. Бұл тәтті тыныштыққа бөгіп, қармаққа үңілген Анар ештеңеге елең етер емес.

Осы мезетте қалың қамыстың басы жалт қозғалып, әлде не жақындай берді. Қарайып көрінген ешнәрсе жоқ. Пырылдап тамсанған дыбыс, судың шалпылы аралас естіледі. Қамыс, қоға бұрынғыдан да иіліп, салбырай түсті. Жел екпінімен құрақ жаңағы дыбысты сусылдаған, құптаған әлдененің даусындай естіртеді. Бұрынғыдан да жақындай түскендей, пырыл қасынан шығады. Алғашқыда Анар желден ызыңдап тұрған қамыстың сусылы шығар, басқа не дейсің деп ойлағанмен, кейін ойына түсініксіз бір күдік туды.

«Бұл не болды екен? — деп ойлады Анар, бойы әлденендей қорқынышты сезімнен түршігіп, — көл жиегінде әуілдек болады деуші еді, сол ма? Ол малды тұтасымен, адамды қайығымен жұтады дейтін. Мен түгіл ересек балалардың өздері де күндіз болмаса, мұнда кеште келуге сескенетін еді ғой. Кешқұрым көл жағасына барма деп апам да үнемі ескертіп отыратын».

Бірте-бірте осы ой Анар көңіліне тұрақтай, ақиқаттай болып көрінді. Жел күшейіп, пырыл жақындай түсті.

Жағаға барған бір баланы әуілдек су түбіндегі өздерінің қаласына әкетіпті дейді. Онда олардың патшасы қалқиған, үлкен салпаң құлақты дәуі тұрады екен. Ол ашудан, келде толқын болады. Әуілдектер

лағы да қалқиған нақ әуілдектің құлағының өзіндей. Жүзуі де соған ұқсас. Жан-жағына бұлғалақтай шайқалып жүзеді.

Қайық тоқтап қалғандай. Сыртынан ылғалды бірнәрсе жабыса кететіндей денесі, бұрынғыдан да мұздап, қалшылдап кетті.

— Біткен екенмін!..

— Анар! — дегенге көзін ашса, Ерназар екен.

Анар қуанғаннан сөз таба алмай қалды. Қорыққанын білдірмес үшін:

— Не істеп жүрсің мұнда, Ерназар? — деді дауысы дірілдеп.



қаласында осы ауылдан кеткен малдар көбейіп, қора-қора болып жайылып жүреді екен, соны жаңағы балаға бақтырып қойыпты.

Анар қармағын жинамай-ақ, қайық табанына тастай салып, қолына ескекті алды. Жылдамдата есіп жағаға қарады, жақындаған сылдырды естімеуге тырысты. Жаға алыс емес, бірақ сылдыр да жақын. Арнайы қуып, жетуге асыққандай болып көрінеді.

«Әуілдек, — деп түйді ол ойын, — айқайласам ба екен?»

Кенет, кейінге қарап бетін жалт бұрды да, қолымен жапты. Басын тізесіне қойып, үнсіз отыр. Ескек сырғып суға түсіп, шолпетті. Апа деп айқайламақ болып еді, даусы шықпай қалды.

Допқа ұқсас үлкен қара нәрсе қамысты жарып жүріп келеді екен. Ол Анарға нағыз әуілдектің басы болып көрінді. Және құ-

— Әуілдекті суға шомылдырып, жем беріп жүргенім ғой.

— Әуілдекті?

Анар сусылдаған қамыс, қоғаға тағы көз салды.

— Неге шошындың сонша? Әуілдекті деймін, міне, мынаны. — Ол қолындағы торды көрсетті. — Әнеугүні көл жағасындағы қоғаға тұзақ құрып, қырғауыл ұстайын дегенмін. Сөйтсем әуілдек түсіп қалыпты.

Анар қайықтан шығып, әуілдекке әрі сескеніп, әрі таңданып қарады.

«Торғайдан сәл-ақ үлкен құс екен ғой. Мен қорқып жүрмін, ал Ерназар болса ұстап алыпты, ұят-ай», — деп ойлады ол. Әуілдекке бұрынғыдан да үңіліп, әуестене түседі.

Д. Саларов.

ЕСТАЙ



ӘҢГІМЕ

Естай етегі жер сызған қара тұлыпты сүйретіп шанаға міне бергенде, Құттыбек қарт бүлдіргелі жекпе қамшыны оның қолына ұстатып:

— Ауылға барысымен атты, шана-сайманды бригадирге табыс етуді ұмытпа,— деп ескертті.

— Мақұл,— деп Естай делбені қағып қалғанда, сергек тұрған күрең дөнен шананы жұлқи тартып, желе жөнелді.

Айнала ақ қарға оранған. Күнге шағылысса күмістей жалтыраған қар көпсіп тұрған мамыққа ұқсайды. Қар бетіне сидалана шыққан сары қаудан қылтияды. Әр жерде аң іздері жосылып жатыр.

Аттың өнімді жүрісі жер апшысын барған сайын қуыра түсті. Әлі таптала қоймаған, кеше ғана жауған жол үстіндегі ұлпа қар ат тұяғынан борай ұшып, Естайдың бет алдын ақтүтек етіп жіберді. Көбік қар алдынан борап, мазалай берген соң, ол басын тұлыптың жағасымен орап алды да, қамшыны анда-санда үйіріп қойып отыра берді.

Ауылға дейін қанша қалды екен деп Естай ілгері көз тастағанда, жарым шақырымдай алда кетіп бара жатқан жаяуды көрді. Сыртынан қарағанда жолаушы қартаңдау адам сияқты, өйткені басында тымақ, қолында таяғы бар екен. Жолаушы көрші колхоздан келе жатқан болу керек. Естай жолаушыға таяна беріп, оның өз аулындағы дүкен күзетшісі Жақан қарт екенін тани кетті де, атты қамшымен тартып-тартып жіберді. Ышқына шапқылай ілгері ұм-

тылған ат жаяудың жанынан сып етіп өте шықты. Еліріп, шауып өткен жүргіншінің Естай екенін бірден таныған қарт баланың бұл қылығына таңданып:

— Тоқтай тұр, қарағым, мені миңгізе кет,— деп қолын бұлғап ілгері жүгірді. Атты тежеп, сар желіске салған Естай хауіптен құтылғандай өз ісіне масаттанып күліп қояды. Қарттың бүкең-бүкең етіп жүгіріп келе жатқанын көрген ол мырс етіп:

— Маған істегеніңді өзіңнің алдыңа бір келтірдім бе, сараң шал. Көрейін қанша жер жүгіргеніңді,— деді.

Қыстың жаңа түскен кезі болатын. Бір демалыста ауыл балалары ит ертіп, мылтық алып аңға шықпақ болды. Сонда Естай осы Жақан қарттың «осавиахим» мылтығын сұраған. Қарт Естайды баласынып, мылтығын сеніп бермеген. Бұл жайды ішіне түйген Естай бүгін Жақан қартты шанасына әдейі мінгізбей кетті.

* * *

Соңғы сабақтың бітуін асыға күткен Естай қоңырау шылдыр ете түскенде, кітап-дәптерлерін апыл-құпыл сумкасына сала бастады. Ол асыға басып тысқа шыққанда манағы бұрқасынның біршама сейіліп қалғанын көріп қуанып қалды. Демалысқа қарсы ферма басындағы өз үйіне қарай бет алды.

Естай жолға шыққанда күн де еңкейіп қалған-ды. Екі-үш күннен бері терістіктен үдей соққан ызғарлы жел ұлпа қарды өзі-



мен бірге ұшырып, әр жерге жал-жал қылып үйіп кеткен. Жазық даланың бетін басқан бұйрат-бұйрат қарлар толқынды теңіз бетіне ұқсайды. Қар үстінде бір-бірімен ирелеңдей жарысып, ақжарғалар жүріп жатыр. Жолды басып қалған омбы қар Естайдың жүруін барған сайын қиындата түсті. Тіпті кей жерлердің күртігі оның пимасының қоншынан да асып кетеді. Ауылдан шыққанына едәуір уақыт болса да, ол жүрісін мандыта алмады. Әрі қалың киімнен, әрі жаяу жүрістен ыстықтап терлей бастаған ол құлақшынын түріп, пальтосын шешіп қолына алды. Енді бойы едәуір жеңілденіп, пысығырақ аяңдады. Алайда, бұл қалпымен ұзақ жүре алмады, тер қатып тұлабойы мұздай бастады. Амалсыздан пальтоны қайта киген Естайдың ілгері басқан аяғы кері кетіп, жігері құм болды. «Қап,— деп ойлады ол өкіне,— шаңғымды неге ала шықпадым екен. Аяғымда шаңғы болса ғой, ендігі үйге де жетер едім».

Міне, күн де ұясына кіріп, жоқ болды. Әйткенмен, Естайға әлі де біраз жер жүру керек... Батқан күннің қызыл шапағы күңгірт тартып, қараңғылық бірден-бірге қою-

лана түсті. Жан-жағына күдіктене қарап, дедек қаққан Естайдың бойын қорқыныш сезімі билеп алды. Алыстан қарайып көрінген әрбір зат оған өзін торуылдап жүрген жыртқыштай елестеп, үрейлене түсті. Батыл болуға тырысып ештемені елемегендей өлеңдете бастап еді, дір-дір етіп дауысы да шықпады.

Арасынан жол өтетін қайың терек аралас өскен шағын тоғайға жақындаған сайын Естайдың хаупі күшейіп, мазасыз ойлар алдын кескестей берді. Оның ойына кеше жылқышының Сұлутөбенің етегінен қасқыр көрдім дегені сап ете қалды. Бірақ «Атам қасқыр қыста көбіне далада болады деуші еді ғой, ағаш арасында қасқыр болмас»,— деп ойлады ол өзін-өзі жұбата. Осы кезде тоғай ішінен қараңдап шыға келген 4—5 аңды байқап қалған Естайдың көзі шатынап, жүрегі тастөбесіне шықты. «Қасқыр,— деді сірескен ол міңгірлеп,— енді қайттым». Маңдайынан суық тер де бұрқ етіп шыға келді. Сал қимылдаса-ақ өзін аңдар бассалатындай сезініп, бір орнынан тапжылмаған Естай кенеттен кейіннен шыққан дыбысқа селк етіп, еріксіз артына жалт қарады. Шаналы біреу оған таяп келіп қалған екен. Естай өз көзіне өзі сенбегендей жолаушыға абайлап қарады. Жүргінші Естайдың қасынан өте берді де, тоқтай қалды. Шананың артқы тіремесіне арқа сүйеп, шалқая отырған кісі оған қарап:

— Е, қарағым, үйіңе бара жатырсың ба? — деді сәл езу тартып. Естай ана жолы өзі мінгізбей кеткен Жақан қартты тани кетті. Құлағының ұшына дейін қызарған ол тілі күрмелгендей төмен қарап тұрып қалды да, сәлден кейін:

— Ие,— деді естілер-естілмес күбірлеп.

— Ендеше мін шанаға, мен де солай барамын,— деп қарт балаға өз жанынан орын нұсқады. Үстінен бейне бір ауыр салмақ басқандай Естай үн-түнсіз шанаға отырды. Көзұшында ойнақтап бара жатқан аңдарды көзі шалған қарт:

— Балам, анау еліктерді көрдің бе? — деді Естайға. Елікті қасқыр деп қорыққанына Естай одан сайын қысылды.

М. Хасенов.



Футболка

ӘЦІМЕ

Қашаннан баласының тілегін бірден орындай қоймайтын Жәмилә апай қазір де қарысып отыр.

— Басымды қатырма! — деп, ол ұлының бетін қайырып тастады. Сонда да Болат:

— Апа деймін, тігіп берші! — деп қыңқылдай берді.

Жұмысына кетіп бара жатып, қаға берісте, Болаттың әкесі Байтас та күңк етіп:

— Баланың меселін қайтармай, тігіп бере салсайшы, о не еді өзі? — деді.

— Қойшы енді, сен де бір жағынан... Баланы құптап жаман үйретесің. Қайдағы бір жоқты тауып бер дейді. Түнеугүні сол құрғырдың балаларға шағы дүкенге түскен кезде алып бере қоятын адамсың ғой. Енді, екі ортада, менің басым қатты!

— Жәрәйді, ештеңе етпес, тынышымызды алатын баланың барына да шүкіршілік. Өзі не ол тікпей жүргенің?

— Өй, әлгі шолақ жең көйлек — бутболка дей ме, немене. Өмірімде тігіп көрмеген затым.

— Жалғыз баланы ренжітіп қайтесің, бірдеңе қып тігіп бере салсаңшы.

Байтас жұмысына кетті.

Болат шешесін түп етекпен ұстап, айырылар емес. Жалынып та көрді.

— Апа, апа, осыдан кейін ештеңе сұрамайын, тек осы айтқанымды ғана орындашы!

— Осы бір бутболка қайдан шыққан. Майкамен-ақ жүре бермеуші ме еді бала деген. — деп, мамасы шаруасына беттеді. — Жас басыңнан киім таңдайсың, бара-бара...

Бірақ, жыламсырап отыра кеткен баласын қимаған Жәмилә қайта бұрылды. Болаттың өкпелі жүзіне көзінің астымен үнсіз қарап тұрды да, «қап!» деп қатарластыра қойылған чемодандарды бір-бірлеп ала бастады. Ең астыңғы үлкен әбдіренің ауыр қақпағы ашылды.

Мейірленген анасының ширақ қимылына қуана қалған Болат жүгіріп келіп мойнына асылды.

Әбдіре ішіндегі түсті кездемелер топ-топ түседі.

— Кәне, қайсысынан тігейін. Мынадан ба, әлде мына бірі лайықты ма? — деп, Жәмилә ылғи бір кір көтеретін қоңыр, көк түсті маталарды нұсқады.

Болат басын шайқап, шешесі көрсеткендердің бірін де ұнатпады. Әбдіре ішіне үңіле түсіп, бір бұрышында жатқан ақ шытқа көзі түсті.

— Мынадан тік.

Манадан жылы ұшырамай отырған Жәмилә апай оқыс күліп жіберді.

— Балам-ау, кешеден зар илеп қоймай жүргендегің осы ма?! Алты сомның арзан шытын қайтейін деп ең!

— Арзан бола берсін.

— Қой, әйнектің пердесіне де жарамайтын осындай жұқа заттан көйлек кие ме екен. Міне, мына біреу қандай жақсы, түсі де әдемі, балаларға лайық екен өзі, — деп шешесі тор көз матаны жаза бастады.

Болат тағы да бұртия қалды. Оның жақтырмаған кейпін аңғара қойған Жәмилә:

— Мейлің ендеше, тігіп берейін. Бірақ, бір сағатқа жеткізбей қап-қара қылып шығарасың ғой. Кію көтермейтін жаман ақтың несіне құштар болғаныңды, — деп басқа маталарды әбдіреге сала бере, бір ой түсіп, қайта бөгелді. Әбдіренің түбіне қолын сүңгітіп жіберіп, сарғыштау үлбіреген жібекті суырып алып шықты. Болаттың жүзіне күлімдей қарап:

— Мен кимей-ақ қояйын осыны, сен киші, құлыным, ана бөз сияқты жаман аққа жұрт күлер тіпті, — деп, әлгі матаны биік стол үстіндегі іс машинаға қарай лақтырып жіберді.

Болат аң-таң. Түнеугүні шешесінің осы жібекті алып келіп, көйлек тіктірем деп жүргені есінде. Енді шетінен ойып алып, өзіне футболка тікпекші. Қымбат матаны ысырап ететіні қалай?

Чемодандарды жинастырып болған Жәмилә:

— Ал, енді не ғып тұрсың, бар, ойнай бер. Сенің ана бір қызыл көйлегіңе салып

пішемін. Жеңін шолақ қылсам болмай ма? — деп, машинаның қақпағын көтере берді. — Сөредегі құртқа көзіңді сала жүр.

Болат, шешесінің қолындағы өткір ақ қайшы сарғыш жібекті қырш-қырш қия бастағанда барып үйден шықты. Әйтседе, далада тағаттай алмай, үйге бір кіріп, бір шығып, сабыры кетті. Шыдамы таусылды. Көйлекті орталай беріп, бір шаруасына кетіп қала ма деп те уайымдайды. Онда шешесінің бір жұмаға дейін, қайтып машина қасына оралмайтынын жақсы біледі. Далада жүргенінде көрші әйел Қайныш дегенді де алдап қоя береді. Үйге кіре берген оған:

— Апам жоқ үйде, дүкен жаққа кеткен, — деп, міз бақпастан өтірікті соға салды.

Әйтеуір, апасын қалай көңілдендірудің шарасын ойлап:

— Сөре үстіне бір топ торғай келіп отырып алыпты. Бәрін тым-тырақай қып құдымау, — деп, даладан өз қызметін айта кіреді.

Түс ауа көйлек те дайын болды.

— Мә, ки енді, қаншама шаруамнан қалдырдың.

Жәмилә апай баласын биік айнаның алдына алып келді.

Футболканы киіп алып, айнадағы суретіне жымия қарап Болат тұр. Жағасын тартқылап, иығын түзетіп шыр айналып шешесі жүр.

— Қолыңды жоғары көтерші. Былай, былай... Қап! Оң жақ қолтығын тартып жіберген екем, әкел, қайта сөгіп, жөндеп берейін, — деп мүлт жіберген жеріне өкіне таңдайын қақты. Енді сөгілсе, қайтып тігілмейтіндей көрген Болат шешкісі келмеді:



— Жоқ, апа, ештеңе де тартылған жері жоқ. Бәрі шақ.

Бала мінезіне қызықтай қараған Жәмилә апай да келісе салды:

— Жәрәйді ендеше, бара бер.

Болат аяғына ауыр ботинкасын киіп, ұзын шұлығын шолақ шалбарының балағына дейін көтеріп, резинкамен қысып қойды.

— Балам-ау, мына күннің ыстығында мұның не. Жеңіл сандалыңды кимейсің бе? — деген шешесіне де қараған жоқ.

— Осы жақсы, — деп, лып етіп далаға шықты. Аумақты колхоз селосының орталық көшелеріне беттеген Болаттың жол бойы көңілі көтеріліп, ширақ адымдайды. Футболкасының жеңіне, иығына қарап қойып, допты теуіп қалғандай аяғын оқыс серпіп, айқайлап та қояды: «Гол!»

Бәрінен де кешкі болатын футбол ойынына өзінің қатыса алатынына қуанышты. Бүгін, көптен бергі келісім бойынша, екі көшенің таңдаулы футболшылары кездеспекші. Болат — өз көшесіндегі балалар командасының негізгі шабуылшысы. Бұл ойнамаса, ол команданың біраз кемшілік көретіні де рас. Сонда да өткен жолы команданың капитаны Жапар деген бала не кию керектігін қатты ескерткен: «Абай көшесінің балалары көк футболка киетін болды. Ал біз ақ футболка киеміз. Кімде-кімнің футболкасы болмаса, ол ойынға қатыстырылмайды. Дұрыс емес пе?» Бұл сөзді балалардың бәрі мақұлдаған.

Көшеден ұзай бере-ақ, Болатты өзінен кішілеу екі-үш бала қоршап алды. Футболкасына қызыға түсіп:

— Дәл кинода көргеніміздей, иә? — десіп бір-біріне қарап қойды.

— Нағыз футболшыларды әлі ойында көресіндер! — деп Болат үлкен адамдарша алшақ басып, иығын көтере түсті...

* * *

Байтас жұмыстан кеш оралды. Ол келе Жәмиләдән футболка жайын сұрай бастады.

— Болат қайда кеткен, үй маңында көрінбейді. Көйлегін тігіп беріп пе ең?

Жәмилә көйлек оқиғасын айтып берді.

— Баламысың деген ғой, киіп алған соң қуаңғанын айтсайшы. Не керек, бір жасап қалды!

— Еһ, не дегенің, бала жаңа киім киген сайын өспей ме! — деп, әкесі де қуанып жатыр.

— Әй, өзі осы уақытқа дейін қайда жүр, бағана кеткеннен келген жоқ қой тегі.

— Көйлектің буы қойсын ба. Жолдастарына көрсетіп жүрген шығар,— деп Жәмилә аузын жиғанша болған жоқ, еңтіге басып Болат кірді. Аптыға сөйлейді.

— Бес те үш есебімен абайлықтарды жеңіп салдық. Бұрыштан берген Жайнақтың тобын тартып жібергенімде, қақпа ішіне дәл түсті. О-ой, жиналған балалардың көбін-ай. Үлкендер де болды. Көке, сен болған жоқсың ба?


— Жәрәйді, жәрәйді, добыңды қоя тұршы. Кәне, көйлегіңді көрсетші көкеңе,— деп Жәмилә Болатты терезе алдына қарай шақырды.— Қолтығыңды көтер, сабазың сол, салтақтап-ақ тастапсың ғой. Мына бір жағын тартып жіберіппін, әйтпесе қонып тұрған жоқ па?!

Болат әлі сөйлеп тұр:

— Тұһ, көке-ай, сіздің бармағаныңызды қарашы. Айтан мен Әйтімнің әкелері де барыпты. Ендігі жолы барасыз ба? Жақында тағы да ойнайтын болдық. Қанша дайындалса да, бәрі-бір быт-шыт қылып жеңіп шығамыз.

— Жетер енді, тіпті басымды қатырдың ғой, кәне, көйлегіңнің артын көрсетші.— Жәмилә апай Болатты бұра бастағанда, жайраңдап сөйлеп тұрған бала су сепкендей тиыла қалды. Өңі бозарып, көзі жыпылық атты.

АЦШЫНЫҢ ДӘПТЕРІНЕН



Алғашқы рет егін салып, азын-аулақ астық алған жылы біздің үйде асыранды құстарынан қос қонырала қаз, екі тауығы мен бір әтеш бар еді.

Қыс түсіп, қар бекіген кезде белгісіз бір аң екі тауықты бірінен соң біріп ұрлап кетті. Қорала топшысынан қиылған қанаттар ғана жатады, ал тауықтың басқа мүшелері мен денесінен ештеңе қалмайды. Әрине, жерге тамған, шашылған қан болады.

Мен қыстау төңірегінен із кестім. Аңада жалғыз қара төбетті алып қашып кеткен қасқырлардың көне мөр табандарынан өзге із аңғарылмады. Бұл қалай?



— Өй, тыртыспай бұрылсайшы,— деп, айнала берген Болаттың арқасына көзі түскен Жәмилә ішін тартып, қалшыып тұрып қалды.

Көйлектің артында баттита жазған қақпара 6-ның цифры тұр.

Байтас шек-сілесі қатып күліп жатыр:

— Міне, нағыз футболшы!

— Әй, сен мынаны немен жаздың? — деп Жәмилә апай зеки жөнелді.

— Қара маймен,— деді Болат күмілжіп.

— Қап, мынаны-ай!..

С. Жүнісов.

Содан бір күні кеште көжемізді ішіп бола бергенімізде қорадағы жалғыз әтеш қықылдай қалды. Шам алып жүгіре шықсам, көстиген қара қылшық арлап күзен әтешті кеңірдегінен алып тұр. Шамды жерге қоя салып, күрек ала ұмтылғанымша, елті күзен жалт берді...

Ол қораның түкпірінен ін жасап алған екен, қақпан құрып, арлап күзенді көп ұзатпай-ақ қолға түсірдім.

Осыдан бір аптадай уақыт өткенде, шырт ұйқыда жатып тұн ортасында өзімнен өзім оянып кеткенім. Әлденеге елеңдеп елегізіп тың тыңдасам, қаздар қаңқылдайды. «Қап, әнеугүнгі арлап күзеннің серігі бар екен-ау, тағы да алдап соқпаса не қылсын» — деп

сірінке тартып, тағы да албарға шам ала шықтым. Бір қаз қызыл сиырдың бауырына тығылып тұр, ал екіншісі үюлі отын үстіне қарай далбаңдап ұшып барады. Шамның білтесін шығарыпқырап, сәулесін молайтып анықтай қарағанымда, қаз өз еркімен емес, ақ бақай қызыл түлкінің жетегінде кетіп бара жатыр екен. Алаяқ қу ұрғызбақ тұрсын, шендестірместен, үюлі аршалар үстінен тысқа қарай бір-ақ секірді.

Айталы Ақбақай қораның төбесін тесіп түскен екен, сол арадан сыртқа шығып кетті.

Қалың қар әбден бекіп қалған ақпан айы. Менде бүркіт, тазы тұрсын, ат та жоқ. Болса-болмаса жалғыз төбетті бөрілер талап жеген. Осының бәрін барлап, байқап алған Ақбақай біраздан соң біздің көннің маңында күндіз де көрнеу жортатынды шығарды.

Нағыз қызыл алтай сирек кездесетін аңғой. Ал, мынау Ақбақай тіпті көрікті. Аңшылар «бір шек» деп атайтын: бар мүшесі біріне-бірі сай, шап-шак, мүсінді келген шіріннің өзі. Алдыңғы бір бақайы, құйрығының ұшы ашпақ, сырты өрттей қызыл, бауыры көк үйек, пұшпақтары көмірдей қап-қара, белі кобыздай, ақ қардың үстінде жалындай боп, асықпай жәйімен кетіп бара жатқанда, көзді қызықтырады. Бұл нағыз шығаннан шыққан айталы да, әдемі жүйрік түлкінің белгісі.

Ол менің құралсыз екенімді біліп алған соң қыстауды айнала көлбеңдеп, бой көрсетіп қана қоймайтын болды, өз құйрығымен өзі ойнай секіріп, кейде кешке қарай күл қорданың үстіне шығып алып, үретінді де шығарды. Әрине, Ақбақай бұл мінезді бір мен емес, біздің үйдің ішімен түгелдей сыралғы қонақ дәрежесіне жеткен соң көрсете бастаған еді.

Мен бұған қақпан құрдым. Адамның бұл



виласына Ақбақай көптен таныс екен. «Қолданған шараңның түрі мынау болса, оның хауіпсіздігін көрсетейін» — дегендей-ақ, ол мен құрған қақпанды алғашқы түннің өзінде шаптырып кетті. Екеуміз, міне, осыдан бастап арбасуға кірістік. Мен бір емес, қос басар бастырдым. Оның арасына сиырдың қатқан тоғайрағын тастадым. Онда да бұл қос қақпанды жаяу борасын жүріп жатқан кеште орналастырған едім. Тағы да, темір ісін сезіп қалмасын деп қақпанның жақтаулары мен серіппесін суға салып қайнатып, лотын кырып, малдың майымен сылаған едім. Ақбақай қу сонда да шалыс баспады. Ол аузына симайтын, мұздаған жұмыр тоғайрақты ешнәрсеге соқтықтырмастан, аяғымен домалатып әкетті.

Мен бұдан соң жемді ұсақтап, жібу күйінде шашып салдым. Қар үстіне қатқан осы жемді Ақбақай құйрығымен сыпырып әкететін болды. Енді не істеу керек? Балаларым мен әйелім мені қу түлкімен қоса әжуалауға кірісті.

— Бәрі бір ол қақпанға түспейді. Өзі сондай сүйкімді екен! — дескен Бекен мен Көкен Ақбақайға арнап алдын ала сүйек-саяқ, сорпа-су дайындайтын болды. Осылайша шылапшыға құйып қойған ас қалдықтарын біздің бойжеткен қонағымыз қас қарая ішіп-жеп кетуге дағдыланды. Сөйтіп, содан былай мезгілінде ондай сый көрмесе итше үріп тұратын болды.

Енді мен түлкіге емес, өзіме-өзім наразы бола бастадым. «Адаммын, ақылдымын. Осы жасымда сан алуан аңдар аулады. Әккі аңшы деп аталғалы бір талай. Сөйте тұрып, бір түлкіден айламды асыра алмай қойғаным ба?» — деп қатты ызаландым.

Ақыры ойлай берген соң жаңа бір әдіс таптым. Ол әдісім — ошағанның тікенек гүлдері. Ұсақ жемге араластыра тасталған осы тікенек гүлдер Ақбақайдың, жемді сыпырып жеген кезінде, құйрығына жабыса берді, жабыса берді. Ақыры бір айға жақындағанда қу түлкінің жеңді білектей болып, көк соқта мұзға айналған құйрығы маған көмектесті. Қыстың қыраулы бір таңы созалаңдап атқанда, құйрығының қыл түбінен қос шеңберге қысылып тұрған Ақбақайды көрдім.

Балалармен бірге менің даусымды есітіп, үйден тысқа жүгіре шыққан әйелім Жамал қызыл алтайдың бетіне қарап тұрып:

— Аман ба, құдағи? — деп қарсы алды оны.

Ә. Көшімов.



Алсамен айқас

ОЧЕРК

Мана Алтайдың биік құздарына қонақтаған түйдек қара бұлттар бірте-бірте етек алып, енді бүтін тау сілемдерін бір жола қымтап алыпты. Осы бұлыңғыр астында сұлай шөккен кәрі Алтай сұлық жатыр. Оның мұз құрсаған жалаңаш құздары бүгін ерекше көрлі. Қызған шаладай құлақтана қырқадан сығалаған күн етектей қара бұлтқа ілініп қалыпты. Жер бетіне сұқтана қарап сол бойда салбырап әлі тұр. Ұйтқи соққан жаяу борасын сусыма қарды үйіріп әкеліп жалғыз аяқ жолды бітеп барады. Осы жолмен бір салтатты шопақ тоинның жағасын көтере тастап, тауды бөктерлете салып келеді. Жүрісі тым суыт. Астындағы жарау торысы бусанып, қырау басқан қылшығы қылаң бозға айналған. Қайқанда бұлкекке басып, еңкуге келгенде сар желдіріп алады. Жүргінші орта бойлы, өткір көзді, қараторы жас жігіт ықшам денесін ат үстінде анда-санда бір қозғап, қолындағы он екі таспа дырау қамшысымен торысын шыдамсыздана сипай қамшылайды. Жел қағып тотыққан жүзінде абыржу бар. Мына қатігез табиғаттың қабақ түйісінен секем алғандай тау қойнауына сақтана көз тастап қояды. Енді бір сәтте ол бөктерден бөкенше жортып түсіп, меңіреу шатқалға сұқсырдай сұңгіп берді. Бұлт астынан сығалаған күнде сып етіп қою қара бұлтқа сіңіп кетті. Шатқал іші тұнжырай түсті.

Жүргінші — «Алтай» совхозының жұмысшысы Қабылбек Күндебаев. Осы бойда совхоздың «Еңбек» бөлімшесінен келеді. Ол ауылдан шыққанда таң жаңа ғана қылаң берген еді. Ауа тымық, үп еткен жел жоқ болатын. Табиғаттың бір сәт дауыл алдында демін ішіне тартып тымырая қалғанын ол сонда-ақ сезген еді. Беті Тардың асуы. Алтайдың аржақ бөктеріндегі Алатай төбінде, жылқышы Мерғазы Мешеновтің бір табын жылқысы жатыр. Бақташылардың ескі жылды түгесіп барып, төбіннің оты қашқан соң январь айы туа ойға бір-ақ түсетін ежелден әдеті. Сол мезгіл жеткен. Тау басын бұлт орап,

күн райы бұзыла бастаған соң не болып кетеді деген хауіппен бөлімше меңгерушісі кеше іңірде Қабылбекті шақырып алған. Қандай қиын жұмысқа жұмсасаң да қабақ шытпайды, еті тірі деп Қабылбекті таңдайтын оның әдеті еді. Кеше қиналып та, қиылып та отырып:

— Осында сенен жеңіл адам жоқ. Ертең Мерғазыға жет те, жылқыны ойға түсіріс. Саған сеніп тапсырып отырмын, — деген-ді. Жұмысқа апат, елпек жігіт меңгеруші тілегін қайтармай мақұл деген. Енді міне, сол Алатайға тартып келе жатқан беті.

Екі жақ қапталдан етекке төне шұқшиып тұрған заңғар құз. Бетіне қына да қонбаған қиан көк тас. Орта деңгейге дейін қалың бытқылды қарағайы аралас самырсынды қара орман. Шатқалдың дәл ортасында қаракүреңденіп қара Қаба өзені күркіреп, долдана бұрқылдап жатыр.

Жалғыз аяқ жол бөренеден құрастырылған ағаш көпірмен шатқалдың ол жағына бір, бұл жағына бір бұрандап шыға келеді. Кейде жүргіншіні тыртыстырып итарқасы қиянға салады, кейде ойлы-шұңқырлы соқпақпен өңіске құлдыратып, аттының да, жаяудың да титығына жетеді. Қайда тартсаң да қашып құтылмайтын табиғаттың өзі жасаған тас қамапы. Бұл шатқал осыдан «Тар» атанған. Ұзындығы — шамамен 20 километрдей. Шатқал тұйығында төңкерген қазанша теңкиіп жұмыр жон жатыр. Асудың ар жақ теріскейі — Алатай.

Қабылбек тізгінді төжей түсті. Өйткені, тіксінетін тағы бір жай бар. Шатқалдың биік құзды екі жақ ернеуінен жаз жауынды, қыс боранды күндері қар көшіні толассыз саулап тұрады. Қозғалмасын, бір қозғалса үріккен қойша дүркіреп бүкіл аумағымен сүрі қар тұтас қопарылатын әдеті. Үп еткен желден де, дауыс жаңғырығынан да сырғи жөнеліп, тасты, ағашты қопара қоса домалатып, жолындағысын талғамай жайпап кетеді. Жел шатқалды қуалай соғып бұл хауіпті қазір бір шама жоққа шығарып тұрғаны-

мен, сақ жігіт тықырын білдірмей жыланша жылжып келеді. Хауіпті сезгендей-ақ, жарау торы тізгінді шұлғы тастап тайпала түседі.

Әрі-беріден соң жаяу борасын бұрқаққа айналды. Шатқал іші күңіреніп, құз басын қатты сарын кернеп кетті. Таңғы жорамалы дәл келді. Асу етегі алай-түлей. Қабылбек әп дегенше ат құлағы көрінбейтін ақ бұрқаққа араласты да кетті.

...Бір кезде өкпе тұстан жылқы даусы естілді. Қабылбек оның қай жақтан шыққанын тез тұспалдап кері бұрылды. Ұзамай ойпаңға қамалған жылқы шоғырына кездесті. Көмекшінің көлуін күтпей жылқыны ойға түсірген Мерғазы болар деген оймен бойы сергіп сала берді. Бірақ, жылқының ол шетіне бір, бұл шетіне бір шығып, ешкімді көре алмады. Дауыстап еді, ұлыған желден басқа пенде жауап қайырған жоқ. Тебініп ілгері ұмтылғанда, аты опырылған қарағай, қопарылған таспен аралас дөңкіе шөккен күртік қарға танау тіреп тұрып қалды. Енді жағдай түсінікті болды...

Боранда жылқының бір бөлегі ықтап кеп етекке жөңкілген. Содан көшкі бітеген шұңқырға қамалғанда, не әрі, не бері кете алмай иіріліп тұр. Боран үдей түсті. Түйірткі қар ұшқындары басқа, көзге сабалап бет қаратар емес. Ақ көбігін бұрқырата ажалдай қысып ақ бұрқақ дүниенің апшысын қуырып барады. Ілде бір жуан бақайлар болмаса, жабағы тайлардан, саяқтан жиылған жылқылар 4 аяғынан тік тұра алмай теңселіп, желге жонын бере бүрсеңдеп жүр.

Қабылбекті қобалжытқан осы жылқы жайы. Жаман айтпай, жақсы жоқ. Мына боранда... Осыны ойлағанда Қабылбектің алқымына кесек тұрғандай тынысы тарылып, өкпесі аузына тығылды, көңілі де алабұртып сала берді. Ойын елекке сап екшеп тұруға мұрша жоқ. Жылқышыны да табу керек, сеніп жіберген соң жылқыны да аман алып қалу керек. Ол жедел қимылға кірісті. Ойға айдаса шатқалдан алып шығу мына күнде екі талай іс. Кері қарыстырса терісте ық. Жылқышыны да табуы мүмкін. Ол енді айқаймен бастырмалатып құрықты салды жылқыға. Жылқы адам даусымен бел алып шұрқыраса кейін қарысты.



Жотадан құлатқан бойда жылқыны Қабылбек төмендегі қарағайлы ыққа қуып тықты. Табынның аумағы да осында екен. Жел қаққан саяқтар тобы қалың шоғырға ден қойып араласып кетті. Қарағай іші борық. Қопа, қияғын бұрқырата теуіп жел, қалың жылқы бырдай боп жатыр. Оқта-текте ағаш басын орай соққан құйын болмаса, өрекіген ызғырық жоқ.

Қабылбек ағаш ішін аралап келеді. Бұлдыр күнде төңірек мұнартып, жылқылар әр жерде алақуаң болып көрінгенмен табын түгел сияқты. Оның қазіргі бар ой аңсары жылқышыға ауды. Ол қайда?.. Шетірек шығып, дыбыс бола ма деген үмітпен айқайлап та көрді. Дауысын жел қағып дөй-далаға алып кетті. Енді ол жоғары қыратқа көтерілді. Маңайда қыбыр еткен қара жоқ. Дауыл толас бергенше қылар айла, жасар әрекеттің ешбір ыңғайы келмеді. Бірақ бір қырына алса, бірнеше тәулікке созылып қақырап барып тынатын Алтай желі ежелгі әдетіне басып қарағұрықтатып өршелене түсті... Қабылбек болған жайды ой елегінен өткізуге тырысты... «Боран басталысымен Мерғазы жылқыны борыққа салған. Бірақ қарбаласта манағы Қабылбек қайғырған саяқ үйірінен көз жазып қалып қазір соны қуа кетіп отыр. Жылқышыны көп болып іздемесе, табу қиын. Оның үстіне, мына қыруар малды бұрқасында екі адамның етекке жеткізуі — ойға симайтын іс. Тағы да көмек керек. Борық жылы, оты таусылмай мына жылқы бұл орыннан енді бық етпейді. Уақыт әлі де болса жеткілікті. Осы бойда төлеп кетсе кідірмей ауылға сапып жетіп барады... Ол ойын осылай түйді де, аттың басын кері бұрып, тақымды қысып қалды.

...«Қаба» қысылып, өзекті қызыл су алып кеткен. Әрберден соң су көтеріліп, ат тірсегіне жетті. Ілгері жүруге мүмкіндік жоқ. Қабылбек аттан секіріп түсті де, мұздай суды қонышынан кеше жүріп, ат айылын босатты. Күні бойғы сабылған жүріс пен жаңағы арпаластан қалжыраған жануар омырауы дірілдеп теңселіп кетіп зорға тұр.

Қара түнек шым-шымдап қоюлана берді. Аласұрған дауыл қаһарын төгіп, жынданған жыртықшатай жалаңаш құздарды жалай соғып, көнередегі күртік қар, тас қорымдарын жұлмалап етекке құйып жатыр. Шатқалдың қай тұстан бөгелгені белгісіз. Су деңгейіне қарағанда әлі де бірқауым жер болса керек.

Қабылбектің торыққан жері осы болды. Кері қайтқанмен не пайда. Ай далада жалғыз жанды тағдырына тапсырып кетіп барады. Мына күнде оның халі не болмақ. Тезірек оралмаса, опат болуы да ғажап емес.

Қақпаннан сытылып шықпақ болған Қабылбек атын жетелей қыр өрмеледі. Тасқын қызып кеткен шұқанақтарға аяқ тіреп, қираған ағаштың әрбір түгіршігіне жармасып әзер жылжып келеді. Сүрініп-қабынып жүргенде екі қол, тізе жырымдалып сау жері қалған жоқ. Жетектегі ат бір домалап барып жандәрмен қайта тұрды. Осылай арпалыспен қиғаштай отырып тік жаламаға жеткенде етекте көлге айналған иірімнің тар қуысты кернеп бара жатқанын көзі шалып қалды. Бөгеден асуға қарға адым қалды. Кенет, төбеден құйылған таудай қар толқыны көзді ашып-жұмғанша адамды да, атты да жұлындай ұшырып жұлып әкетті. Бұрқыраған ақ шаңдақ бүктетілген күйінде құйынша есіліп көлге барып күп қойды... Су беті жанталас... Ажал мен адамның айқасы басталды...


...Көлшік беті желкөбіктеніп сапырылысып жатыр. Құлаған қорым мен ағаш қопарындылары ап дегеннен-ақ су түбіне шым батыл кетті де, қараңдаған екі дене қарбалас қалқып шыға келді. Бірі — ат, екіншісі — Қабылбек еді. Әлі де сарқылмаған нөшкірдің

соңғы будағы сорғалап келіп ат жиекке ұмтыла бергенде қасқа маңдайдан тағы ұрды. Жануар құлын даусымен қатты шыңғырып, басын ақырғы рет бір кегжең еткізіп құлап түсті. Түйдектенген мұзды қар көсектері оны нығарлай бүктеп орнын жым-жылас етіп тұңғыыққа тартып әкетті. Күлдірлей айналған иірім Қабылбекті дөңгелете қуып, бөгеу алқымына қарай айдап барады. Үстегі ауыр киім иықтан зілдей басып, кеудесін қыса түсті. Бір қолмен малти отырып тонды да, сырмалы күртені де сыпырып тастап өді, тұтқырланып сірескен пима аяқтан шықпай қойды. Жандәрмен арпалыста біраз уақыт өтті. Бөгеудің астынан көз тапқан су алқымға үйіріліп, шымырлап ұршықша иіріледі. Күрте мен шалақ тонды делбең еткізіп жұтып жіберіп, оған місе тұтпағандай Қабылбекті өзіне тарта берді. Тезірек қылғысын деген қанды толқын жігіттің кеудесінен кері итеріп, соған қарай ықтатады. Ол қасарысып қарсы жүзіп ажал аузынан алыстай береді, қашықтап, жылымнан сытылып барады. Жиекке де жақындап қалды. Дәл осы сәт бүйірден толқын қуған екі бірдей теңкиген көкшағыр мұздар оны ортаға алып-ақ қалған еді. Жаныштап өтердей екі жақтан қысып, ағындап аждаһадай төніп келеді. Қабылбек жылтыр бөлеге қарсы жүзді. Қолы бірінің ернеуіне тигенде қарғып үстіне шықты. Дәу мұздар бір бірімен күтірлей қақтығысып сүзісіп тұрып қалды. Осыны пайдаланып жаңа ғана ажал өтінде қалған жігіт бөгеу үстіне оқша атылып секіріп түсті.

...Қақыраған суық жалаңаш еттен шымшылап, буырқанған борасын суға толарсақтаған денені құрыстырып қуырып әкетті. Қылта тамыры тыртысып, екі аяғы жазылмай Қабылбек қар үстінде шоңқайып отырып қалды. Ысқылап әуре болғанмен сірескен сіңір босамай қайта жиырыла түсті. Ендігі қалған бар айла-амал қайткенде де жоғары биікке көтеріліп төңірекке дыбыс беру.

...Қабылбек қызылала қан жапқан екі қолымен көзіне шалынған бүртіктен қарманып қияға еңбектей сүйретіліп жылжып келеді. Ажал отын шашқан қарағұрық дауыл сусыма қарды сабаалап тұр. Су өткен жұқа киімнің сыртына әу демде-ақ мұз қатып, сауыттай құрсап алды. Талықсып кетіп бір сәт аялдай қалған жаралы дененің сұлық түскенін аңдып өрекліген боран оның алды-артын қармен қымтай жөнеліп, көміп тастағысы келеді. Оған ырық бермей жігіт қар қаба ентелей тартады. Тағы да азуынан сытылып бара жатқан өр кеудеге «қашып құтылмассың» дегендей ажал уыты ызындап өкшелеп қуып тұлдана бұрқырайды... Қабылбек иектен асып түсіп, ажал шеңгелінен енді құтылғандай ыққа жете құлады... Дөлі бұрқасын қатты серпіліп көкшіл тастың жалаңаш тө-

сіне толқындата ұрып, сап болды. Ажал мен адам айқасының куәсі болған мылқау құз гүр етіп қатты күрсінді. Аласұрған ақбұрқақ та, албастыдай бұған ажал оты да шатқал ішін күңренте алыстап кеткендей болды. Шатқал тұнжырай түсті. Аспан түтеп, дүниені ымырт басты...



* * *

...Мұнтаздай таса бөлме. Шаңқандай аппақ простыняға оранып төсекте жатқан Қабылбек осының бәрін көз алдына енді елестетіп отыр. Тізесінен жоғары көсілген екі аяғына қарап көңілін біресе мұң басады, біресе тірі қалғанына шүкіршілік етеді. Қасында ауыл жігіттері Жүнісбек Сахариев пен жылқышы Мерғазы Мешенов отыр. Төрт тәулік дегенде өзер тауып Қабылбекті Қатонқарағай аудандық емханаға жеткізген осы жігіттер болатын. Операциядан кейін халін сұрай келіп отыр.

— Нәліма, Қабылбек, сен ажалды жеңдің, — дейді олар.

Иә, ол ажалды жеңді...

Қ. Сқақов.

Шығыс Қазақстан облысы,
«Алтай» совхозы.

ФУРАЖКА

Ерланды құттықтап,
Толғаида төрт жасқа.
Тәтесі бір ғажал
Берді әкеп фуражка.
Ол қысып ұстады,
Қуанып табанда.
Киіп ед, ұқсады
Әскери адамға.
Әрине, болды үлкен,
Сонда да бір елі
Тастамай, ертемен

Киіп ап жүреді.
Бейне қол шатырдай,
Басында дөңгелеп
Жүрсе де, япырмай,
Шешпейді не керек.
Сен биыл барасың
Бірінші класқа.
Кие ғой, мә, расым,
Саған шақ фуражка.—
Деп көңлі түскенде
Ернарға береді.

Айтқанын істеуге
Ол да ылғи көнеді.
Ал егер көнбесе,
Шартына жаңағы.
— Бор қайтып ендеше,—
Деп тартып алады.
Дегендей фуражка:
«Мен үшін шуласпа»
Талайдан көшіп жүр
Бір бастан бір басқа.
А. Шамкенов.

НИКОЛАЙ ТИХОНОВ



Балалар, сендер газеттерден, журналдардан кітаптардан өлеңдер, әңгімелер оқисыңдар. Сол оқығандарыңның ішінен кейбіреулерін өте сүйсініп, оны жазған адамның фамилиясына назар аударасыңдар. Әрине, ылғи жақсы өлеңдер, әңгімелер жазған кісіні де жақсы көресіңдер. Міне, сендердің сол жақсы көретін жазушыларыңның бірі — аса көрнекті жазушы Николай Семенович Тихонов.

Николай Семенович — басынан көпті кешірген, өмірдің ащы, тұщысын көп татқан, тәжірибесі мол адам. Ол кісінің тек балаларға арнап жазған өлеңдері мен прозалық шығармалары ғана әлденеше кітап. Сендер оның қазақ тіліне аударылған: «Бір рет актер болып ойнағанмын», «Хал хайыр», «Арыстанның тырнағы», «Пілдер», «Ойдан шығарушы» деген әңгімелерін осы журнал мен «Қазақстан пионері» газетінен оқығансыңдар. Жазушы әңгімелерінде патша заманындағы балалардың мұңды өмірін, капиталистік елдердегі жас буынның бүгінгі тарыққан тұрмысын айна қатесіз суреттейді. Ескі дүниенің, капиталистік елдердің жиренішті қылықтарын біздің социалистік қоғамдағы бақытты шақпен салыстыра-

ды. Коммунистік қоғамда өмір сүрудің бақыт екендігін жеңіл, орамды тілмен жыр етеді.

Николай Семенович — социалистік қоғам құруға белсене қатысушы мемлекеттік қайраткер. Ол кісі көп жылдан бері СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып халыққа қызмет істеп келеді.

Николай Тихоновтың даңқы дүние жүзіне, аса көрнекті жазушылығымен қоса, бейбітшілікті жақтаушы күрескер ретінде тараған. Ол кісі бейбітшілікті жақтаушылардың 1935 жылы Парижде, 1939 жылы Варшавада болған дүниежүзілік конгрестеріне қатысты. Бейбітшілікті жақтаушы қажырлы күрескер, 1949 жылдан бері бейбітшілікті жақтаушылардың Советтік Комитетінің председателі. Николай Семенович Тихонов 1950 жылы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бюро мүшесі болып сайланды.

Халықаралық Лениндік сыйлықтар жөніндегі Комитет «Халықтар арасында бейбітшілікті нығайтқаны үшін» 1957 жылы 11 ноябрьде Николай Тихоновқа халықаралық Лениндік сыйлық берді.

Төменде ол кісінің «Балалар мен құстар» деген әңгімесін жариялап отырмыз.

Николай Тихонов.

БАЛАЛАР МЕН ҚҰСТАР

Топ-топ көгілдір тотылар, көк желең ұшқынша, шоқ орманнан екінші шоқ орманға сусылдап өтіп жатыр. Маған бейтаныс жалтылдақ қызыл-күрең құстар, біреу-міреу таспен ұрар-ау немесе атып тастар-ау деген қаперінде жоқ, ескі тоғаннан су ішіп жатыр. Пакистанда құсты жұрттың бәрі жаратады және оны өлтіруге тыйым салынған. Мұны

құстар біледі де, сол себепті олар өздерін мейлінше еркін ұстайды.

Кең террасадағы ертеңгі асқа әзірленген стол үстіндегі тарелкалардың арасында дәу, көкала қарға жүр... Оны тежеуге де жарамайды, үркітуге де жарамайды. Ол — пайдалы құс, ол — жақсы құс. Халайық оны қоректендіруге тиіс.

Қарачидің аспан әлемі құжынаған қарақұрымдай нүкте дерсің. Бұлар — чилі кезқұйрықтар. Олардың көптігі сонша, көмейлете шаңқылдаған даусы ұзақты күнге бір сенбейді. Оларда бір толас жоқ — ылғи айналаңда жүргені. Сен бір жапырақ етті алып террасаның шарбағынан жоғары ұсынсаң болғаны, кезқұйрық, қаншалық аспанда шығандап жүрсе де, сол титімдей етті көре қояды да, дереу оған сорғалай көп шүйіле түседі. Ол шүйілген бетте қолыңыздағы етті жаза таймастан ғажәп дәл қағып алып, аспанға қайта шығандап барып, лезде қара нүктеге айналады.

— Сіздерге осыншама кезқұйрық не үшін керек? — деп сұрадым мен бір жергілікті адамнан.

— Бұл біздің санитарларымыз ғой, — деп жауап қайырды. — Олар барлық тастандыларды, барлық ластарды әкетеді, олар бақтар мен далалардағы барлық зиянды жәндіктерді қырады, олар тым жақсы құстар.

Бұл кезқұйрықтар қарғаға да, торғайға да, сауысқанға да, тотыға да тимейді. Барлық құс бірімен бірі тату-тәтті жүре береді.

Менің төреземнің алдындағы бақта екі бағбан күнбе күн ертемен жұмыс істеп жүрді. Қарт бағбан мен оның жас шәкірті малдасоқынып отырып, кішкентай қыш құмыраны қатты ұсатты. Кішкене құмыраның сынықтарын үлкен құмыраға салып, оның ішіне әртүрлі өсімдіктер отырғызды. Олар өздерінің жұмыстарын сыбдырсыз, сенімді



түрде, бір қалыпты жүргізді. Өсімдік отырғызылып әзірленген құмыраларды ұзын тақтаға тізбектеп, тақтаның өнбойы толған кезде оны өздерінің етсіз, әлуетті иығына қойып алып кетеді...

Міне, олар осылайша топырақты құмыраға ауыстырып, өсімдіктерді қайта отырғызумен машақаттанып жатқан шақтарда, даяр болған құмыралар мен үйме топырақтардың үстінде, олармен қабаттаса, сансыз торғайлар жүреді. Олар үюлі топырақтарды шашады, құмырадан құмыраға секіреді, бағбандардың нақ қолдарының астынан ұшып тақтаға отырады, онан шөпке қонады, тұмсығын, мамығын тазалайды, сілкінеді...

Біздің елдің торғайларына өте ұқсас бұл торғайлардың әбден батылданып алғаны сонша, тіпті бағбандардың иығына қонып алып, әлі топырақ толтырылмаған құмыраларға көзін сүзе қарайды. Бағбандар оларды елең де қылмайды.

Осыдан кейін бағбандар су құйып қойған дөңгелек шіләпшінге торғайлар да жуынады да, қанаттарын серпе сілкісіп қайтадан бақтың ішіне бет-бетімен тарап кете барады.

Сонымен, біздер қайда барсақ та, барлық жерде де құстар күн ұзын әндетумен, шықылықтаумен болды, оларға ең жарлықақыбай адамдарға шейін дән себеді, су қояды. Пакистанда құстардың тұрмысы жақсы-ақ! Үстінде жөпшенді ылпа жоқ, торғайдай тыриған арық, үлкен қайнақкөз, лыпылдап тұрған, қайрақтай қара сұр шығыс әулеті балалар әдемі-ақ. Олар мектепке құрақ ұшпайды. Елінде мектеп жоққа жуық. Жүз адамның алтауы ғана хат таниды. Балалар бейнетқор. Міне, екі қыз келеді, олардың төбесінде түйенің, жылқының, есектің қиы салынған үлкен подностар. Олар мұны кірекештер тоқтайтын жерлерден, керуен-сарайлардан жинап әкеледі. Ол қиды базарда күтіп тұрған шешелері жалма-жан сатуға кіріседі. Базарға бара жатып бұл қыздар да кәдімгідей күліседі, елең айтады, қарсы ұшырасқан құрбыларымен қалжыңдасады.

Мына бір салынып жатқан үйдің үшінші қабатына арқасына кірпішті тиеп алған әйел көтеріліп барады. Төменде тұрған оның құртақандай ұлы мен қызы шешесінің арқасындағы жазы-тақтаға кірпіш тиеуге көмектеседі. Өздерінің әлі жетпейтін кірпіштерді олар әрең көтереді, сонда да көксе жұмысшыдай жұмысты үнсіз, байсалды істейді.



Міне, фабрика қақпасынан аналарымен бірге балалары да шығып келе жатыр. Олар ұзақты күнге тырмысып жұмыс істеген, сол себепті иықтары, сандары талып шаршаған. Олар шаршағандықтан аналарының етегінен қапсыра ұстап, сүріне әрең басады.

Мұнда өз бетімен құр бекер жүрген балалар да көп-ақ. Европалықтарды көрісімен-ақ олар, анау бағбандарға жапырласқан торғайдай-ақ, шүпірлесе жетіп келеді, оймақтай ауыздарымен: «Бакшиш! Бакшиш! Рупия! Рупия!» — деп айқайлайды.

Олар қайыр-садаға, рупия сұрайды. Оларға туыстары:

— Барыңдар, өздерің ақша табыңдар! Европалықтардың таяқпен салып жіберуі мүмкін, сендер таяқты тигізбеуге тырысыңдар, бірақ европалықтардың кейбіреулері рупия да беріп қалар, — деп жіберген.

Міне, сіз сол дуылдап секірген, айқайлаған топырдың ортасында тұрсыз. Сіз қуақы көздерді, жалаңаш-жалпы кішкентай қолдар мен аяқтардың тағатсыз қозғалысын, бет-ауыздың алуан құбылысын көресіз «Бакшиш! Бакшиш! Рупия бер!» — деген айқайды естисіз.

Бұл жас бөбектердің көпшілігі — танауына кішкентай сырға таққан, сіріңкенің шырпысындай жіп-жіңішке білегіне қола білезік киген кішкентай қыздар.

Бұлар анау бағбандарды қоршай ырғып, шоқып жүрген нағыз торғайлардан айнымайды. Бұл балалардың табиғатында да құсқа ұқсас жылдамдық, бағдарсыздық бар. Сұрамшақтық олардың адал жүрегін бұзған емес. Балалар туыстарына көмектеседі. Сондай кішкентай қыз бір, тіпті кейде, екі рупия әкеле қалса, ол әкесінің бір күнгі жалақысынан әлдеқайда артық, әрине, баласының осыншалық олжа әкелуге жарағаны үшін туыстары оны сүйеді де, еркелетеді де.

Бала-шағасы көп ақар-шақар үйдің шие ттей балаларына берері жер татып кеткен ұннан пісірілген күлшетай ғана немесе бірнеше шірік банандар ғана болса, балалардың соншалық: «Бакшиш!» — деп өзеурей сұрамшақтанатынының себебі де түсінікті.

Ат байлайтын жерге торғайлар лап бергенде, сол жерге қолында дағарадай жеңіл подносы бар балалар да жетіп келеді. Сондағы торғайлардың да, балалардың да таласатыны аттың құмағы.

Бірақ, торғайлардың бұдан да басқа қорек алар жері бар: олар баққа, ағаш арасына барып қарнын тойдырады. Пакистанда құстар бақытты! Олар адамнан әлдеқайда жақсы күнелтеді. Пакистанның аш балалары — бейшара! Олардың тұрмысы құстардан әлдеқайда нашар! Әй, аянышты-ақ.

Аударған М. НҰРТАЗИН.

ҚЫСҚЫ ЖОЛДА

Білмейміз, ауыл, әлі қанша жырақ,
Шанаға қисаямыз жан қалжырап.
Инедей қадалады жүзімізге
Арғымақ тұяғынан қар шашырап.
Шанамыз шағым қылып жол қырсығын,
Шықырлап өлеңдетер оның сырын.
Ат қылып ақ ұлпа қар мініп апты
Бағанның гүілдеген момын сымын.
Тым-тырыс. Қар жамылған ой, қыр, дөңгей,
Япыр-ау, ойға шомды өңір нендей!
Далиған ен даланың кеудесіне
Аппақ сүт ақтарылып төгілгендей.
Ен дала тіршіліксіз сұлық жатты.
Күн де әне, арайланып сұлу батты.

Даланың мамасындай қос маяға
Сиырлар тұмсықтарын сұғып апты.
Суық жел сумаң қағып, салқын басып,
Дязбен кетті лағып, сәл сырласып,
Сидиған бұталарда мәжіліс құрды
Қарғалар азан-қазан жапырласып.
Дөңгелек көк аспанның сұатындай —
Сыз берді алдымыздан туатын ай.
Тұнжырап қыбыр етпей тұрды дала
Шомып бір ойға кеткен ұлы ақындай.
Естілген ит әупілі сонау белден,
Сықылды «сәлемдеме» елден келген.
Ауылдың көрінді әне, көк түтіні
Тіршілік жалауындай көлбеңдеген.

Т. БЕРДИЯРОВ.



Екі дос

- Қай жерде?
- Қолымның тура ұшына қарашы.
- Көрдім. Оя кісі емес пе?
- Ия, кісі болу керек. Дұрыс, кісі екен.

Отыр тез!

— Неге отырамыз? Қорқасың, ба кісіден?

— Отыр деймін...

— Кім болса да барайық, бізге не істемек!

— Тоқта. Байқайық, не істеп жүр екен.

— Отын шауып жатқан жоқ па?

— Кішкене жақындалық.

Есет пен Болат ұзын көк шөпті тасалап, еңкейе басып төмен түсті. Біраз жақындаған кезде екеуі тағы тоқтады. Әлгі кісі жер қазып жатқандай болды. Жанында көрінген көлік жоқ. «Не істеп жатыр?» — деген сұрақ екеуінің де ойында тұрды.

— Мен жақындайын, сен мына тастың қалқасында тұрып бақыла,— деді Есет Болатқа.

— Мен де барам.

— Жоқ, болмайды. Командир айтты, солдат тыңдайды. Мен командир.

— Мен де командир! — Болаттың даусы катты шықты, ол өзін төмен санағанға жәбірленгендей болды.

— Тиш... ш... ш. Ақырын. Сен оның кім екенін қайдан білдің? Мүмкін, ұры шығар, мүмкін шпион шығар. Көрсө, екеуімізді өл-

Есет пен Болат түс ауа қабақтан жидек теруге кірісті.

— О, мына жерде көп екен!

— Мен де таптым...

Қолдарына ілінген жидекті ауызға қағып салып жатты. Анда-санда қабақтан сайға қарай тас домалатып ойнады.

— Менің тасым жүйрік,— деп Есет бір тасты домалатып жіберді.— Әне! Қара... Қарашы қалай секіреді!

— Менің тасым одан да биік секіреді,— деп Болат сопақша келген тасты домалатты. Бірақ, ол азғана дөңгеледі де, бір түбіртекке тіреліп тұрып қалды.

— Екі аттап, жүйкесі құрып қалды ғой тасыңның,— деп Есет Болатты мазақтай бастады. Болат тағы бір тасты домалатты, ол тасы тау табанына бір-ақ жетті. Бұған Болат та бір көтеріліп қалды.

Олар ойынға айналып байқамапты, күн едәуір кешкіріп қалған екен. Бір кезде Болат жұлып алғандай:

— Суды қайдан тауып ішер екенбіз? — деді. Олар жаң-жақтарына көз жіберді. Сайдың табанынан су көрінді. Екеуі бөктерлей төмен қарай түсе бастады. Біраз төмен түскен соң Есет тоқтай қалды. Ол тау табанындағы тобылғыға қадалып қарап тұр. «Не болды?» — дегендей, Болат та қадалды.

— Үндеме,— деді Есет сыбырлап.— Анау сайдағы қарайғанды байқадың ба? Әне...





тіріп кетуі мүмкін. Сен осы биіктен бақылап отыр, мен жақындап барып өңін көрейін.

Болат еріксіз көнді. Бірақ, ішінен Есеттің «сен солдатсың» дегеніне намыстанып қалды.

— Сен разведчик секілді жүр онда, танымайтын адам болса, көзіне көрінбе,— деді Болат Есетке.

«Мақұл» дегендей, Есет еңбөктей басып төмен қарай жылжыды. Кейде аяғы тиген тастар домалап кетеді. Ол кезде Есет отыра қалады. Қайта жүреді. Болат көз алмай бақылап отыр. Есет табанға түсті. Міне, әлгі кісіге де жақындап қалды. Барған сайын бұғына түседі. Әр бұтаның түбіне бір жатып қарайды. Міне, әбден жақындап келді. Енді жылжуға болмайды.

Бөгде адам бір қап затты қазған жерге әкеліп көмді. «Шпион болу керек» деген ой Есеттің денесін мұздатып жіберді. Енді әбден жасырынып отырды. Әлі де кісінің бетін анықтап көре алмай отыр. Байқаусызда аяғы бір тасты қағып жіберді. Тас тасқа соғылып дыбыс шықты. Әлгі адам дыбыс шыққан жаққа бұрылып қарады. Есеттің жүрегі қатты соға бастады. Әлгі адам Есет жатқан жерге қарай жүрді. Есет оны таныды да: «Бақтыбай!» — деп айқайлап түрегелейін деп еді, ананың қолындағы ақ семсер тіптен суық көрінді. Тіпті құйқа тамыры шымыр ете қалды. «Өзіміздің Бақтыбай. Бұл не істеп жүр? Семсері несі?» Есет бір ормынан қозғалмай жатты. Бақтыбай жанжағына қарап жүріп келеді. Күн сәулесімен

шағылысып семсер жарқ ете түсті. Есеттің бар денесін шөп жауып жасырып тұр. Екі көзі ғана бақыраяды. Бақтыбай Есеттің қарсы алдына келіп тоқтады. Жоғарыда отырған Болат та семсерді көріп мұздап сала берді. «Апырай, көріп қояды-ау» деп ойлады ішінен.

Бақтыбай ешкімді де көре алмады. Дыбысты естіген құлағына сенбеді ме, өзінің көмбесіне қарай кілт бұрылды. Бір ағаштың түбінде тұрған ат арбасын әкелді де, екі бау отын тиіп жүріп кетті. Арбалы ұзап кеткенде барып Болат етекке түсті.

— Сені көріп қойған екен деп жаман қорықтым,— деді ендіге басып келген ол.

— Мен де жаман қорықтым. Бақтыбай деп айқайлай жаздадым. Қолындағы семсерін көрдің бе?

— Көрдім.

— Ол қай жолмен кетті?

— Тас жолға түсті.

— Мына жерге бір қап бірдеме көмді.

— Ол не болды екен?

— Білмеймін. Ұрлық болмаса, ол көме ме?

— Рас, ұрланған зат болар.

— Осы жерді белгілеп кетелік. Ауылға барып милицияға көргендерімізді баяндалық.

— Алдымен ашып өзіміз көрсек қайтеді?

— Қой, оған болмайды. Күн де батып барады.

Екеуі бірден ауылға тартты. Тіпті шөлденгендерін де ұмытты.

Милиция бастығы Сәлім ағай Есет пен Болатты екі жағына отырғызып:

— Түрін байқадыңдар ма? — деп сұрады.

— Әбден байқадым. Өзін танымын,— деді Есет жұлып алғандай.

— Онда жақсы. Қазір машинамен барып қайтамыз. Барасындар ма?

— Әр уақытта дайынбыз! — деді орындарынан ұшып тұрысқан екеуі.

— Жарайсындар, жас барлаушылар. Рақмет сендерге...

Осы өткен түнде аудан орталығындағы дүкеннің күзетшісі өлтіріліп, көп дүниенің тоналғанын балалар милиция бастығынан естіп білісті.

Сол күні кеште Бақтыбай да ұсталды, 40.000 сомның ұрланған товары да табылды. Бір күнгі тауға жасаған саяхаттарының мұншалықты табысты болғанына екі дос қатты қуанысты. Бұл шынында да қуануға тұрарлық іс еді.

Ы. Разбеков.

Семей облысы, Георгиев ауданы.

Расул Гамзатов.

М Е Н І Ң А Т А М

Қырау көмген шаштарын
Менің кәрі атамның.
Отырады ол тарамдап,
Күмістей ақ сақалын.
Танысқанда екеуіміз
Жасырмайын мен тегі.
Мен жарты айлық бала едім,
Ол жүздегі қарт еді.
Қарлығаштар шырылдап,
Таң мен күнді жалғады.
Оянады қарт адам,
Оянамын мен дағы.
Тұра сала екеуіміз
Шынықтырсақ денені
Атамды да, мені де
Сұлу күн бірге көреді.
Жаттығу бітсе таңдағы
Бұлаққа тұра жүгіріп,
Мәз боламыз екеуіміз,
Салқын суға жуынып.
Қол ұстасып екеуіміз,
Үзбей бірге жүреміз.
Шетіне шығып ауылдың
Серуендейміз күнде біз.
Кездеседі кейде бір
Мені емдеген дәрігер.
Кездесе ме ұста адам,
Бізге соның бәрі бір.
Кездессе де қай адам
Жолымыздан әр күні,
Басын иіп атама
— Сәлем,— дейді барлығы.
Сәлемдесем өзім де,
Кім кездессе үлкенсіп.
Қол ұстасып атаммен
Жақсы-ау, шіркін, жүрсе

өстіп...

Ақ лаққа даладан
Шөп те жұлып беремін.
Сол лақты бір келіп,
Өкінішті көрмеуің.
Лағымның қылтиып
Мүйізі шығып келеді.
Көрген адам таң қалып,
Қар секілді дер еді.
Туғанына өзінің
Бір ай өткен жоқ әлі.
Басын көкке көтеріп,
Сүзіспекші болады.
Тісін қайрап бөрілер,
Көз тігеді лаққа.
Қыраң көзді итіміз
Жолатпайды бірақ та.
Атам менің мылтықтың
Тілін жақсы біледі.
Ормандағы аңдар да
Одан қорқып жүреді...
Жауабы дайын атамның
Қанша сұрақ берсем де.
Жүзге келді, жас әлі,
Сенбесең де, сенсең де...



Атқа мінсек еріне
Мінгесеміз екеуіміз.
Қорықпаймыз тегінде,
Бұлттан асып кетеміз.
Көшесінде ауылдың
Бұлттар көшіп жүреді.
Жарысады бұлақтар
Сылқ-сылқ етіп күледі.
Жас жігіттей атамның
Қайраты бар сеніңіз.
Мөңдір сумен алманы
Суарғанын көріңіз.
Лезгинка биіне
Билеп кейде кетеміз.
Осы биге билеуді
Ұнатамыз екеуіміз.
Ескі диірмен жанында
Толқиды тау өзені.
Соған түсіп малтуды...
Үйреткен де өзі еді...
Маған арнап қамыстан,
Жасап берді сырнайды.
Сырнай жазық далада
Сыңсып-сыңсып жырлайды.
Қыс келгенде ақ қарлы
Көл қуаныш табам мен.
Шығып алып төбеге
Зулатамыз шанамен.
Жер соққанда ышқынып
Ызалансам боранға,
Тұлыбымен денемді
Орайды ылғи ол онда.
Қара бүркіт осылай
Жар тастан бір шықпайды.
Ұйықтарында баласын
Қанатымен қымтайды...
Ол оқиды кітапты,
Мен тыңдаймын, күлмеймін.
Өйткені, өлі ежелеп
Оқуды да білмеймін.
Менің атам осындай!
Май мейрамы кезінде
Мектепке оны шақырды,
Бірге бардым өзім де.
Жанған костер жанына
Бәрімізді тұрғызып,
Әңгіме айтты атам бір,
Әңгіме айтты тым қызық.
Баяғыда таулықтар
Айту үшін арманын
Әңгіме етті ол бізге
Ленинге барғанын.
Әңгіме етті ол бізге,
Күн көсемді көргенін,
Үстіндегі буркасын
Оған силап бергенін.

Орысшадан қыскартып
аударған

Т. МОЛДАҒАЛИЕВ.

СӘУЛЕ ДЕ МАМАСЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Бас-аяғының қайда кеткенін де білместен Сәуле диванның үстінде ұйықтап жатты. Ағасы келіп тұр-тұрлап еді, бір көзін сығырайта ашты да, оятып жатқан мамасы емес, Әбжан екенін көріп көзін қайта жұмып, он жағына аунай түсті.

— Сәуле, тұр енді, қазір мамам келеді. Сен оны құттықтамайсың ба? — деді Әбжан.

«Құттықтамайсың ба» деген сөзді естігенде Сәуле орнынан атып түрегелді де, есікке қарай жүгірді.

Ағайынды үшеуінің ең кішісі Сәуле болатын. Ол қазір төртте ғана. Үйдегі ең ерке де осы.

Бұдан бірнеше күн бұрын Әбжан мен Алма 8 март мейрамына мамасына қандай сыйлық тартуды ақылдасты.

— Ақша жинап духи сатып алайық, — деді Алма.



— Жок. Не де болса, өз қолымызбен бірдеңе істеп бергеніміз дұрыс, — деп Әбжан оған келіспеді де, өзінің лобзик арасымен мамасының суретін салатын кішкентай рама жасайтынын айтты.

Бұл ой Алмаға да ұнады. Ол өзінің жастықша бетіне тігіп жүрген кестесін бітіріп соны сыйламақшы болды. Сонымен олар бұл сыйлықтарын ешкімге білдірмей жасырып істеп, дайындап қойды. Олар Сәулені де ұмытқан жоқ-ты. Ол болса әлі жас, қолы-

нан ештеңе келе қоймайды. Алма кішкентай бет орамалдың жиегін торлап, бір бұрышына көгершінің суретін салып қойған. Бірақ оны Сәулеге әлі берген жоқ, тіпті ондай сыйлықтың барын оған айтқан да жоқ. Өйткені, ол көрген-білгеннің барлығын да мамасы табалдырықтан аттамай жатып, табан аузында жеткізіп қояды. Ал, Әбжан мен Алма бұл сыйлықтарды мамасы қолына ұстатқанда бір-ақ білгенін қалайды. Сыйлықтың қызығының өзі сол ғой.

Алма Сәулеге әлгі орамалды беріп жатып:

— Осы орамалды мамама бер, сосын құттықта, — деп ескертті. Қасына түскен шашын желкілдете секіріп Сәуле Әбжанның мойнынан құшақтай алды.

— Сен маманды бірінші болып құттықта, жарай ма? — деді Әбжан оны құшақтап бауырына қысып. Сәуле не деп құттықтайтынын білмесе де:

— Жарайды, — дей салды.

— Не деп құттықтайсың?

— Қайдан білейін, — деді Сәуле. Не деп құттықтаса да оған бәрі бір сияқты, әйтеуір құттықтаса болды. Қыстығүні, жаңа жылда да бұлар Сәулеге мамасын бірінші құттықтатқан. Онда Сәулені күні бұрын дайындап: «Қымбатты мама, сізді жаңа жылыңызбен құттықтаймын» — деген сөзді жаттатқан еді. Содан бері Сәуле мамасын құттықтағысы келіп тұратын.

Бұл жолы да олар Сәулеге айтатын сөздерін күні бұрын үйретті.

— Қымбатты мама, сізді 8 март мейрамымен құттықтаймын, — деді Әбжан.

Сәуле:

— Қымбатты мама, — деп жып ете қалды да, одан кейінгі сөзді айта алмады.

— Сізді 8 март мейрамымен құттықтаймын де, — деді Алма әлгі сөзді қайталап.

— Шізді, — деді Сәуле тілін сақаулаңдыра сөйлеп.

— Шізді деме. Сізді 8 март мейрамымен құттықтаймын! Осы да қиын ба?! — деп Алма Сәулеге әлгі сөзді тағы қайталап.

Сәуле бұл жолы дұрыс айтып шықты.

Сағат үш болып қалды. Ағайынды үшеуі ортадағы бөлмеге үш орындықты қатар қойды да, сыйлықтарын арттарына жасырып, мамасының келуін асыра күтті. Есік жақтан кішкене тысыр естілсе болды, бұлар елең ете қалады. Енді 5—10 минуттан кейін

мамасы келуге тиіс. Есік тықылдады. Алма есік ашқалы жүгірген кезде, Әбжан Сәулені қолтығынан көтеріп орындықтан жерге түсірді де:

— Ал, мамам келді, құттықта тез барып,— деді.

Есік ашылды. Бұл келген мамасы емес, почташы қыз екен, телеграмма әкеліп берді.

— Папамнан, папамнан телеграмма,— деп Алма айқайлап жіберді. Командировкадағы папасы келеді екен деп Сәуле де қуанып кетіп телеграммаға жармасты. Алма папасының 8 мартпен мамасын құттықтаған телеграммасын оқып жатқанда мамасы білдірмей кіріп, олардың қасына жақындап келді де:

— Не оқып тұрсындар? — деді ақырын ғана.

Мамасының даусын естігенде үшеуі де қарасып, сасып қалды.

— Мама! М-ма папамнан телеграмма келді,— деп Сәуле мамасына сыйлайтын орамалың қолына ұстап секіріп жүр, оны беруді де ұмытып кетті.

— Сәуле! — деді Әбжан кейіп, «құттықтасайшы» — деп ымдады.

Үшеуі мамасын қоршалай қатар тұрды. Сәуле қолындағы бет орамалдың көгершінін көрсете жайып мамасына ұсынды да, бағанағы жаттаған сөзін айтпақшы болды.

— Қымбатты мама,— деп, ол сөзін дұрыс бастаса да, аржағын қапелімде ұмытып қалып, күмілжіді де, қайта айтты.

— Қымбатты мама, сізді,— деп қайталаса да айтатын сөзі аузына түспей-ақ қойды. Сәл жымып,— Сізді жаңа жылмен құттықтаймын,— деп қолындағы орамалың берді.

— Қайдағы жаңа жыл! — деп Алма оның иығынан тартып қалды. Сосын Әбжан мен Алма бірдей арттарына жасырып тұрған сыйлықтарын мамасының қолына ұстатты да:

— Қымбатты мама,— дей бергенде Сәуле де оларға қосыла айтты,— сізді 8 март мейрамымен құттықтаймыз.

М. Дүйсенов.

АҚСАҚ БАЛА

Көктемнің шуақты күндерінің бірі еді. Әдетте, құлақ тұндыратындай қаланың көп шуы бір сәтке тына қалған. Тық-тық басқан аяқ дыбысы мен ағып өткен жеңіл машиналардың ғана гүлі естіледі.

Бұрылыстан шыға келген бір топ бала кең көшені кесіп өтіп бара жатты. Сірә, балалар бақшасынан болар, киімдері бірдей, бірінен-бірі қалысар емес, қол ұстасып томпаңдап келеді. Осыларды көріп көңілдене түскендеймін. Бірақ, бір сәтке бар назарымды мыналарға ілесе алмай қалып бара жатқан ақсақ бала аударып әкетті. Қанша тырысса да, қу ағаштай қатып қалған бір аяғы жүрісін мандытар емес. Жанындағы екі серігі, озып кеткендерге қалтақтап қарап, әлгі баланың қолынан ұстап демейді. Ол болса, «Сендер қарамаңдар, Аналардан қалмаңдар!» — дегендей қолын сермейді.

Кенет таяп қалған «Победаның» алдынан жүгіріп өткен ересектеу бір бала, өзі әрең келе жатқан мүгедек баланы қағып кетті.

Мүгедек бала асфальттың үстіне ұшып түсті. Екі серігі анырып қалды. «Победа» да, міне, келіп қалды.

Жер төңкеріліп кеткендей, екі құлағым шуылдап көз алдымды бұлдыр тұман қаптады. Шыңғырған дауыс естілгендей құлағымда. «Басты, басты» — деймін, еріндерім жыбырлап. Бір кезде жүгіріп келіп, баланы жерден көтеріп алыпты. Денем дірілдейді. Өзімді-өзім ұмытып кеткен сияқтымын.

Шофер де тормоз беріп улгеріпті, машинасынан қарғып шықты. Мен қолымдағы мүгедек баланың бозарған қап-сөлсіз жүзіне қараймын. Ол ақырын ыңырсиды, саусақтарын қозғайды. Соның арасынша ел де жиналып қалыпты. Мен баланы көтеріп тротуарға қарай аяңдадым. Ол көзін ашып жымыды. Сол сәтте қуанғанымнан болу керек, көзімнен моншақтаған жасымды тия алмадым. Баланың еш жері жарақаттанбапты. Тек қорыққан болу керек. Мен оны құшағымнан жерге түсіріп, жетектей бергенімде, сүрініп жығылып, бір қолында орамалы, екінші қолымен көкірегін басып тәрбиеші қыз да келіп жетті.

Ш. Құмарова.

КазГУ-дің студенткасы.

ОРЫНСЫЗ КҮЛКІ

ӘНГІМЕ

Мені жолдастарымның көбі ұнатады. Бірақ, мінезің жеңіл деп кінәләйтіндері де бар. Кісі көңіліне қарағышпын ғой, соны айтатын шығар. Сондықтан да болуы керек, біреу жымиса, мен де жымия саламын. Сөз ыңғайына қарай күлімсіресе, қаркылдап тұрып күлетін әдетім бар. Достарым: «Кәкен, осыныңды қойсаңшы»,— деп талай ескертті. Алайда, сол мінезімді тастай алмай-ақ қойдым.

Бір күні бір жолдасыммен өзім оқитын техникумға бет алдық. Алдымызда екі-үш-тердегі бала мен ақ шәлілі, қоңыр пальтолы әйел кетіп бара жатқан болатын. Олар әңгімелесіп келеді. Әлден уақытта баланың аяғы оқыс тайып, жығылып қалды. Әйел бұған қабағын да шытпастан, ұлының үстіндегі сұр күртесіне жүкқан қарды салалы ұзын саусақтарымен қағып-қағып жіберді де, оның сол қолынан ұстай алды.

— Байқап жүр, құлыным, — деді ол, — тротуардың тайғақ екенін көрдің ғой.

— О неге тайғақ, мама?

— Кеше қар жауды емес пе?

— Жауған.

Бала құптай басын изеді.

Келе жатқан екеуінен қашықтау жол шегіне қоңыр торғай қонды. Оны көрген бала: Торғайды ұстап берші, мама! — деді.

— Ұшып кетеді, қарашығым, маған ұстатпайды.

— Неге ұшады?

— Құс қой ол.

— Құс неге ұшады?

— Оның сүйектері жеңіл, қанаттары бар.

— Менің сүйегім жеңіл ғой, қанатым болса, ұшып кетем бе, мама?

Манадан күлкіге булығып келе жатқан мен, анасының бала сөзіне әлсіз езу тартқанын көріп қап, баяғы әдетіме бастым. Санқылдай күліп қоя бердім. Жанымдағы жолдасым шынтағымен тартқылап:

— Қойсаңшы, ана кісіден ұят қой, — деп мазасызданды. Оны елер мен емес, баланы негіммен мегзеймін де, одан арман күлемін. Екі көзімнен жас парлап, шек-сілем қатты. Осы кезде бала нәзік сұқ саусағын маған нұсқап:

— Анау неге шикылдайды, мама? — дегенде, денем мұздап сала берді, күлкім тиылды. Енді өзімді жасырар жер таппай, адымдай ілгері оздым.

— Өрт сөндіргендей неғып қызардың? — деді қасымдағы жолдасым. Жауап орнына тек мойнымды төмен салып, қатты жүріп келемін.

— Неге томсардың сонша? — деді жолдасым тағы да.

— Енді менен орынсыз күлкіні күтпе, — деп күнк ете түстім. Ол мырс етіп күліп жіберді, бірақ мен оған қосыла күлгенім жоқ. Баланың бір ауыз сөзі шымбайыма қатты батып кетті. «Екінші орынсыз күлмеспін» — деп өзіме-өзім іштей ант бердім. Сол антым жадымда мәңгі қалған секілді.

М. Тоқымбаев.

БӨКТЕРГІ

Серікбай мен атасы бақшаға жеткенде, күн едәуір көтерілген еді. Шығыстан соққан жұмсақ жел бетінді аймалайды. Маңайда құстардың әдемі даусы құлағына келеді. Серікбай жан-жағына тамашалай қарап тұр еді. Бір кезде жағалай сайраған құстар даусы өше қалды. Сөйткенше болмады, ысқыра зуылдаған дыбысқа жалт қараса, бір бөктергі кішкентай бозторғайды өкшелеп қуып келеді екен. Төбесіне ажал төнген бозторғай, құтқарыңдар дегендей, жаны ысқына шырылдап, безек қағып келеді. Енді құтқармасын дегендей, бөктергі де екпіндей ұмтылып түседі. Торғай алғаш талға кіріп құтылмақшы болып еді, бірақ қайқан етіп алдын ораған бөктергі олай қарай жібермеді. Енді

торғай жалт беріп тура Серікбайларға қарай ұмтылды.

Бұған қарап мелшип тұрып қалған Серікбайдың қолдары еріксіз түйіліп, төбесіне қара тас домалап түсіп келе жатқандай сикейе түсті.

Бөктергі бар екпінімен ілгері ұмтылып торғайды бүре түскенде, торғай ақырғы рет шыр етті де, жүні бүркырап, бөктергінің тырнағында кете барды.

Торғайдың соңғы даусы шыққанда Серікбай да қалай айқайлап жібергенін сезбей қалды. Бөктергі бейне бір оның бір уыс төбешашын жұлып әкеткендей болды.

Серікбай бұл күні үйіне көңілсіз қайтты. Торғайдың соңғы шырылдағаны құлағынан кетпей-ақ қойды.

Ф. Мифтахов.

БІЛСЕМ ЕКЕН...

Туған апамның үлкен баласы да маған іні боп есептеледі екен. Сонда да, біріміздің нағашы, біріміздің жиен деген атымыз бар. Міне, мен жиеніммен серуендеп жүрмін.

Ауыл денгейінен ұзап кетіппіз. Көк шалғынды кешіп өтіп, қарсы алдымызда сықылықтап ағып жатқан сылдыр арыққа таянып қалғанымызды бір-ақ білдік. Онан әрі көкөрай жазық көсіліп жатыр.

— Мына арықтан кесіп өтер ек,— дедім ініме,— сен батып кетпес пе екенсің?

— Жок, мен батпаймын...— Ол аз кідіріп тұрды да: — Бұл жер терең бе?— деп сұрады.

— Терең.

— Мен бойлаймын ба?

— Бойламауың да мүмкін.

— Онда,— деп Әсет күмілжіп қалды. Мен оның хауіптене бастағанын сездім. Не дер екен деп:

— Ауыр нәрсе бата ма, жеңіл нәрсе бата ма,— дедім әдейі.

— Әрине,— деді ол жып-жылдам,— ауыр нәрсе.

— Мен сенен ауырмын, онда мен батағып болдым ғой.

— Ал, мен жеңілмін. Алақай, мен батпайды екем,— деп інім қуанғанынан санын шапалақтап, ұшып кете жаздады.

— Токта,— дедім.— Онда кеме неге бат-

пайды? Ол сенен де, менен де ауыр емес пе?

Әсет ойланып қалды да, дереу өзінше қортынды жасай қойды:

— Қайықтың да, кемешің де аяғы жоқ. Ойтпесе, олар да батып кетер еді.

— Ал, сенің аяғың бар емес пе? Сен неге батпайсың?

Інім аңырып тұрып қалды.

Біз жолға қарай бұрылдык. Жанымыздан велосипед тепкен біреу зу етіп өте шықты.

— Зымырауың қарашы мынаның!

Жиенімнің таңданып тұрғанын көрдім де, қайтадан сұрақ қойдым.

— Осының аяғы қалай қимылдап бара жатыр, байқалың ба?

— Байқадым, жәй ғана қимылдайды. Бірақ,өзі зымырап барады. О несі, ә?

— Тез қимылдаған аяқ оза ма, баяу қимылдаған аяқ оза ма?— дедім мен.

— Әрине, тез қимылдаған аяқ озады.

— Ендеше, жүгіріп көрейік. Кімнің аяғы тез қимылдар екен?

Інім құйғыта жөнелді.

— Менің аяғым тез қимылдайды, алақай, мен сенен озам,— дейді ол қызып.

Мен екі-ақ басып қуып жеттім де:

— Қоя ғой,— деп қарынан тарттым.

3. Серікқалиев.

ЕКІ ӨЛЕН

АҚ БОРАН

Жамылып жатыр дала аппақ тонды.
Боран да ысқырады алдымыздан.
Ақ түтек көрсетпейді үлкен жолды
Жасқанар емеспіз біз қарлы мұздан.

Тайсалмай ат шаңамыз ақ бораннан,
Келеді киіп-жарып алға асығып.
Дала да ақ матаға тау да оранған
Көрсетпей таныс жерді тұр жасырып.

Сіресіп жатыр дала маңғаздана
Сыр бермес жыла мейлі, өксі мейлі.
Төбесі шоқылардың жалғыз ғана
Бейсауат жолбаушыға жол сілтейді.

БАТЫРЛЫҚ

— Мен батырмын, қорықпаймын,— деп Мұрат
Бірге оқитын жолдасына мақтанды,
Ұыршықтар артта қалды бұрқырап,
Шаңғы сызып бара жатыр ақ қарды.

Келді екеуі басына бір қыраттың,
Шаңғыменен зырламақ боп төбеден.
Түсі өзгерді, өңі қашты Мұраттың
— Мына төбе биік еді не деген.

— Батырлығың қайда, досым! — деп анау.
Ежілтеді, жауап күтті Мұраттан.
Істе қорқақ, сөзде «батыр» жаман-ау,
Жығылам деп жылжымады ол қыраттан.

Р. ҚОНАҚОВА

МЕКТЕП КЛУБЫНДА



Біз тұрған Шеңгелді станциясында бұрын клуб жоқ болатын. Биыл темір жол басқармасы үлкен залы бар үйді біздің мектебімізге берді. Біз ол үйді өз күшімізбен клуб жасап алдық.

8 мартта осы клубта мектеп оқушылары ата-аналарға концерт қойып берді. Концерт көрушілерге қатты ұнады. Әсіресе, бишілер Ұлту, Ажар, Күлзипалар «Камажай», «Қиіз басу» билерін бар нақышына келтіріп орындады. Оқушы Тұрғанбек Бақытжан Байқадамовтың «Сушы қыз» деген күлдіргі әнін өте жақсы орындады. Көрушілер бұған қатты риза болысты.

Клубымызда кино-картиналар да жиі болып тұрады. Жуырда «Павел Корчагин», «Тарих сабағы» деген картиналарды мектептің барлық оқушысы ұйымдасқан түрде барып көрді. Кино-картина қазақ тілінде жүрді.

Клубта әрдайым көркемөнерпаздар үйірмесі өз жұмысын жүргізеді. Әртүрлі тақырыпта кештер өткізіп тұрамыз.

Ж. СҮЛЕЙМЕНОВА.

Шеңгелді станциясы,
Ташкент темір жолы.

ӘДЕБИЕТ БІРЛЕСТІГІ



Біздің селода аудандық газеттің жанынан ұйымдастырылған әдебиет бірлестігі жұмыс істейді. Мектеп оқушыларының арасынан өлең, әңгіме жазып талаптанып жүргендер бұл бірлестіктің жұмыстарына белсене қатынасады. Бірлестікті жазушы К. Әбдіқадыров басқарады. Жас талаптар О. Бодықов, С. Сейтенов, Д. Смаилов жолдастар мектеп оқушыларынан түскен қолжазбаларды мұқият оқып, ақыл-кеңес беріп отырады. Тәуір деп табылған өлең, әңгімелер аудандық газетіміздің бетінде жиі-жиі жарияланып тұрады. Бұл бірлестік оқушыларымызды әдебиетті сүйеге баулумен бірге, олардың да талаптанып жүргендерін қанаттандырып отырады. Мен жақында өзім жазған әңгімелерімді және орыс жазушысы Пришвиннен «Кірпі» деген әңгімені аударып, бірлестіктің талқысына ұсындым.

Бірлестік мүшелері маған көп ақыл-кеңес берді. Әңгімелерімнің кемістігін көрсетті. Мен әдебиетші ағайлардың адал пікіріне алғыс айттым.

Ж. ҚҮДИЯРОВА.

Қызылорда облысы, Шиели ауданы,
орта мектептің оқушысы.

Түзету

Журналдың өткен санындағы (15-бет, екінші бағана) бірінші абзацтың алтыншы жолынан басталатын сөйлем: «4 октябрь күні ұшырған ракета, аспанда 58 күн айналып жүріп, 1 декабрьде атмосферадың қалың қабатына кіріп өртенді», — деп оқылсын.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Қар тоқтатамыз» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Иманжанов М., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы

Подписано к печати 8/2-1958 г. УГО01014 Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 35 300 экз.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 142. 962988

И. А. С. ПУШКИНА

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 11-санындағы кроссвордтың, «Алты композитордың», 12-санындағы жұмбақтардың, ребустың жауаптары.

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Конев. 3. Терек. 4. Пекин. 6. Неман. 7. Қодас. 10. Испания. 11. Федоров. 12. Магадан. 16. Ара. 17. Дон. 18. Зей. 19. Нил. 23. Химия. 24. Алмас. 28. Қадам. 29. Тимур. 32. Антей.

Көлденеңінен:

2. Қол. 5. Целебес. 8. Йемен. 9. Киров. 13. Исаак. 14. Бес. 15. Сағат. 20. Арман. 21. Воронеж. 22. Дания. 25. Сирия. 26. Бор. 27. Алдан. 30. Диван. 31. Бидай. 33. Барнаул. 34. Жер.

«АЛТЫ КОМПОЗИТОР»

1. Дина. 2. Майра. 3. Ақансері. 4. Біржан. 5. Құрманғазы. 6. Жаяу Мұса.

ЖҰМБАҚТАР

1. Ошақ. 2. Дастархан. 3. Кереге.

РЕБУС

Аз болса да, жақсы болсын.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Н. Ілесова (Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы), Т. Баймолдинова (Лепсі станциясы), Н. Әлібеков (Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы), Р. Бекмұрзина (Алматы облысы, Жамбыл ауданы), Т. Маханов, Ә. Бижанов (Қызылорда қаласы).

СОҚЫР ТЕКЕ

(Халық ойыны ізімен)

Қозы, Лақ, Бұзау, Бота, Құлынашақ.

Тоқты, Серке, Торпақ, Таиа, Тай, Тайлақ.

Құнақ, Дөнен, Бесті бар. Малдың жасын айыра біл — Естіп ал!

Бұқа, Бура, Айғыр, Қошқар, Теке бар!

Сүзегенсің, тентек Теке, жеке қал. Көзін байла. Теке-Теке бақ-бақ, Соқыр теке қайдан бізді таппақ.

Ойын тәртібі:

Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын жеке-жеке мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын кең үйде де, далада да ойналады. Оны жаңа

жылда, жиындарда маска киіп те ойнауға болады.

«Соқыр теке» ойыны далада ойналғанда жерге дөңгелек сызық сызылады. Ойын басқарушы ортаға көзі орамалмен таңылған «Тентек текені» шығарады. Содан кейін балалар:

«Соқыр теке бақ-бақ,
Қайдан бізді таппақ!»

деген өлеңді бірден барлығы қосыла айтады. Өлең айтылып болысымен шеңбердің ортасында қалған «Соқыр теке» балаларды ұстауға ұмтылады. Бірақ, бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады.

«Соқыр теке» ұстаған бала оның орнына тұрады. Ойын қайта басталады.

Ж. СМАҚОВ.

КРОССВОРД

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

3. Европадағы мемлекет астанасы.
7. Құс.
8. Үлкен өке.
9. Қазақ совет ақыны.
12. Оң зарядты мон.
13. Көлемді прозалық шығарма.
14. Жас мөлшері.
15. Документ.
16. Тігін құралы.
17. Бірнеше адамға төндік ұғым.
18. СССР-дағы өзен.
19. Волганың саласы.
21. М. Горькийдің романы.
23. Туыс.
24. Мылтық атып жаттығу орны.
25. Бүркіт ұстайтын құрал.
26. Шахмат фигурасы.
27. Шахмат термині.
28. Биік таудан өтетін жол.
30. Қазақстандағы журнал аты.
31. «Үлкен» деген сөздің баламасы.
33. Ұста құралы.
35. Тағам.
37. Украинаның ұлы ақыны.
39. Ертедегі тоқыма құралы.
40. Жіктеу есімдігі.
41. Тынық Мұхиттағы теңіз.
42. Қазақстандағы қала.
43. Мектептегі тәртіп жүйесі.
45. Құрылыс материалы.
46. Европадағы өзен.
47. Ыстық жақта өсетін айуанат.
48. Жасқану.
49. Оңтүстік шекарадағы қала.

«АТ ЖҮРІСІ»




Осы шахмат тақтасының дәл ортасынан бастап аттың жүрісімен дұрыс жүрсе, халық мақалы шығады.

Құрастырған Ф. ДҮЙСЕНБИН,
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы.

ЖҰМБАҚТАР

1. Қақса да қанша қанатын,
Жайы жоқ ұша алатын.
2. Жоқ оның моторы да, қанаты да,
Сонда да ұшқыштардың санатында.
3. Кем көрмеймін аттан өзін,
Мініп жүрем баптап өзім.
Бірақ аттай жем жемейді,
Болдырмайды, шөлдемейді.

Б. ТАЙМЕНКЕЕВ.




ТІГІНЕН:

1. Африкадағы қала.
2. Ф. Мұстафиннің романы.
4. Қазақстан халық суретшісі.
5. Азиядағы мемлекет.
6. 1815 жылы Наполеонға қирата соққы берілген қала.
10. Пионер лагері.
11. Теріс зарядты мон.
19. Географиялық термин.
20. Карталар жинағы.
21. Ә. Әбішевтің «Кім менің әкем!» атты пьесасының геройы.
22. Түсті металл.
29. Қазақстандағы өзен.
32. Голландияның ұлы суретшісі.
34. Өшекей.
36. Орта Азиядағы өзен.
38. Шахматтан дүние жүзінің жетінші чемпионы.
39. Қазақстандағы облыс орталығы.
44. Сөз табы.

Құрастырған Е. ӘБДІҒАЙЫПОВ.

Алматы облысы, Шелек ауданы,
Тескенсу селосы.



ҚАРЫНДАШТЫ ҚАҒАЗДАН АЙЫРМАСТАН ДҮРКІН СЫ-
ЗУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫДАҒЫ СУРЕТТЕРДІ ЖЕКЕ-ЖЕКЕ
САЛЫП ШЫҒУДЫ ҮЙРЕНІҢДЕР.

ПИОНЕР



Обязательный
экземпляр

№ 4 АПРЕЛЬ 1958

АТАММЕН ӘҢГІМЕ

— Жұрт бақытты шырақ дейтін өшпейтін,
Ал, біреулер алтын қанат құс дейтін.
Ырысты бір теңіз дейтін шалқыған,
Еңбексіз жан тұнығынан ішпейтін.

Рас екен соның бәрі, шырағым!
[Сездім де мен оның жылы шырайын].
— Онда ырыс теңізі мен бақ құсын,
Ата, өзің көрдің бе? — деп сұрадым.

— Көрдім, қапқам! Ырыс — Отан байлығы,
Сондықтан да біз білмейміз қайғыны.
Еңбек етсең, ішер ас та, киім де
Әзір саған алам десең қай күні.

Қызыл гүлдей құлпыра бер, өс дейтін,
Бақыт деген шырақ болса өшпейтін,
Отаныңның ұлан байтақ жерінде,
Бөлме бар ма Ильич нұры түспейтін.

Айналайын, түйші бәрін көңілге,
Қартайғанда шаттық таптым өмірде.
Бақыт құсын — бақыты үшін адамның
Ұлы Ленин өзі ұшырған көгіме.

Ш. МҰХАМЕДЖАНОВ.

